БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 193 (9770) 1955 жылғы 28 сентябрь Сәрсенбі

Шығуына 36 жыл.
Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

СОКП XX СЪЕЗІ ҚҰРМЕТІНЕ: **Р. Жусыпов.** —Астық сатуда. **В. Зиновьев.** — 22 мың пұт астық. **Р. Ходосевич.** —Сәтті сапарлар. **В. Николаев.** — Двигатель жасау жеңілдей түсті (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: **И. Афанасенко.**— Партия ұйымының басшылығымен. **И. Бельчиков.**— Оқу жылын бастауға әзірміз. **В. Васильева.** —Үгітшілердің игі жұмыстары. (2-бет).

И. Пронин. — Қамыс материалдарын құрылысқа кеңінен пайдаланайық (2-бет)

Вл. Ишимов.—Совхозды өлкеде (2-бет).

Ф. Набоков.— Тұқым әзірлеудегі кемшіліктер дереу жойылсын (3-бет).

М. Қалауов. —И. Е. Репин (3-бет).

Ш. Сабитов. —Алматы шоферларының қажырлы еңбегі (3-бет).

Ж. Кебегенов.—Өрге басқан шаруашылық (3-бет).

М. Ыбраева. —Алдағы жылға әзірлік (3-бет).

Ә. Мусаханов. —Колхозшылар қуанышы (3-бет).

БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ X СЕССИЯСЫ (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

Партиялық насихат жаңа сатыға көтерілсін

Алдымыздағы 1 октябрьде партия және комсомол оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылы басталады. Облысымыздың партия және комсомол ұйымдары быйылғы жылы коммунистер мен комсомолецтердің саяси оқуын онан әрі өрге бастыруға бағытталған бірқатар маңызды шараларды жүзеге асырды.

Саяси оқу жүйесінде өткен жылы да едәуір ілгері басқандық байқалған еді. Мәселен, партия және комсомол ұйымдары СОКП Орталық Комитетінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, саяси оқудағы еріктілік принципін қатаң сақтады. Мұның нәтижесінде өмірге бейімсіз, бірталай жасанды ұйымдар мен мектептер таратылып, маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілердің саны бұрынғы жылдарға қарағанда үш-төрт есе артты. Мұның өзі өткен оқу жылының ең елеулі ерекшелігі болған еді.

Сонымен қатар, бытырғы оқу жылында кейбір кемшіліктерге де жол берілді. Атап айтқанда, жекелеген партия, комсомол ұйымдарында коммунистер мен комсомолецтерді саяси оқу жүйесіне орналастыруда еріктілік принципін бұрмалаушылық фактілері әлі де орын алды. Мысалы, Октябрь, Преснов, Приишім аудандарының бірқатар бастауыш партия ұйымдарында маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер тізіміне саяси және жалпы білім дәрежелері бұған мүлдем сәйкес келмейтін жолдастар формальдылықпен тіркелді. Ал мұндай коммунистер өздерінің саяси білімдерін өздігінен арттыру жөнінде іс жүзінде ешқандай да жұмыс істемеді.

Облыстың партия және комсомол ұйымдары өткен оқу жылында орын алған осындай және басқа да кемшіліктердің өндіпі жерде қайталанбауы үшін бірталай тыңғылықты жұмыстар жүргізді. Ең алдымен, саяси оқу жүйелеріне орналастыру жұмысы өткен жылдардағыдай жаңа оқу жылының басталар алдында емес, қайта тікелей оқу жылы аяқтала салысымен-ақ қолға алынды.

Бұл жөнінде Конюхов аудандық партия ұйымын мысалға алуға болады. Аудандық партия комитеті, оның насихат және үгіт бөлімі ұйымдар мен саяси мектептердің қорытынды сабақтарында, маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер мен өткізілген теориялық пікір алысулар кезінде өткен оқу жылында орын алған кемшіліктер мен жаңа оқу жылында партия ұйымдарының алдында тұрған міндеттердің кеңінен талқылануын ұйымдастырды. Аудандық партия комитеті коммунистерді партия оқуы жүйесінде неғұрлым дұрыс орналастыруды, ұйымдар мен саяси мектеп насихатшыларын, лекторлар мен консультанттарды іріктеп алуды, сондай-ақ насихатшылардың семинарларын өткізуді ерте бастан қолға алды.

Сөз жоқ, жаңа оқу жылында біздің кадрларымыздың маркстік-лениндік теорияны неғұрлым тыңғылықты, терең меңгеруін қамтамасыз етуге қажетті мүмкіншіліктер жеткілікті. Міндет — осы мүмкіншіліктерді жете пайдалана білуде.

Саяси оқудың бүкіл жыл бойына табысты өтуін насихатшылар кадрынсыз шешуге болмайтындығы айқын. Ендеше

СОКП XX СЪЕЗІ ҚҰРМЕТІНЕ

☆ ☆ ☆



СУРЕТТЕ: (сол жақта) Петропавл тепловоз депосының токарі комсомолец Игорь Маликов. Ол СОКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарыстың озаты. Кәзір ол 1961 жылдың есебіне жұмыс істеп жүр. Петропавл вагон жөндеу депосының коллективі облыс колхоздарына жүзден аса веялканы қайта жабдықтап, жөнелтті. СУРЕТТЕ: (оң жақта) колхоздарға жөнелтілетін машиналарды жабдықтау кезі.

Суретті түсірген **И. Пасечный.**

Астық сатуда

Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы быйыл егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымшылдықпен жүргізуде. Мұнда дәнді дақылдар жыйналып болуға жуық. Колхоз мемлекетке астық тапсырудың бекжүндік тапсырмаларын үнемі асыра орындап келеді. Осының нәтижесінде мұнда мемлекетке міндетті астық тапсыру және МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарлары толық орындалды.

Егін жыйнау мен астық дайындауда, әсресе, Попов жолдас басқарған трактор бригадасы ерекше көзге түсті. Бригада кейбір участоктегі егіннің әрбір тектарынан орта есеппен 12—13 центнерден өнім жыйнады. Бұл жұмыста комбайншылар Казанцев, Семченко, Ахметов жолдастар СОКП XX-съезі құрметіндегі жарысты кеңінен өрістете отырып, тамаша еңбек етті. Олар күнделік жұмыс тап-

МАШИНИСТ ИНИЦИАТИВАСЫ БОЙЫНША

Мамлют ауданы орталығындағы диірмен күні осы уақытқа дейін еңбекшілердің өскелең тұрмыстық қажетін өтей алмай келді. Мұнда бар техника күшін толық пайдалану, өнімді біркелкі шығару, отын, электр қуатын үнемдеу ісі өз дәрежесінде ұйымдастырылмады. Соның салдарынан мемлекеттік жоспар айдан-айға орындалмай, диірмен коллективі еңбекшілер алдында борышты болып келді.

Аға машинист Серафим Павлович Прушинский жолдас диірмен жұмысында орын алып келген олқылықтарды жоюға және оны будан былайғы уақытта болдырмауға белсене қатынасты. Ол диірмен құрылысын қайта жабдықтауды ұсынды. Аға машинистің жасаған жаңашыл ұсынысы зерттеліп, өндіріске енгізілді. Диірмен құрылысына қажетті жаңа тетіктерін [illegible]

Сәтті сапарлар

Петропавл темір жол бөлімшесінің тепловозшылары бұл күндері съезд құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, ауыр жүк тиелген поездарды шапшаң алып жүруде.

«ТЭ—2» 437 тепловоздың машинисі Николай Денисов жолдас Макушино станциясынан салмағы жоспардағыдан 1500 тонна асып түсетін ауырсалмақты поезды Петропавлға алып шықты. Ол жолжөнекей локомотивтің техникалық жүріс жылдамдығын сағатына 4,7 километр арттырды, сөйтіп ауырсалмақты поезды Петропавлға трафикте белгіленген уақыттан 28 минут бұрын жеткізді. Оның кезекшісі Лаптев жолдас Петропавлға келіп тоқтаған ауырсалмақты поезды бөлгіпестен Есілкөл станциясына сапарға алып шықты да, станцияларда бөгелу уақытын едәуір кемітіп, тепловоздың тәуліктік жүріс жылдамдығын 561 ки-

Сапалы сүрлем — малдың құнарлы азығы

Конюхов ауданындағы Мичурин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері өткен жылдағы сыяқты быйыл да өздерінің қотамдық малы үшін жемшөптің берік қорын жасап алды. Мұнда быйыл жемшөп дайындау жоспары тек гектар есебімен ғана емес, тонна есебімен артығымен орындалды. Демек, 11.276 центнерден астам табиғи пішен шабылып, 22 мың центнердей сүрлем салынды.

Колхоз басқармасы малдың жазғы жайылымын пайдалануды да өйдағыдай ұйымдастырды. Соның арқасында фермаларда мал шаруашылығының өнімділігі арта түсіп келеді. Ал, мұның өзі колхоздың мемлекетке міндетті сүт, ет, жүн тапсыру жоспарларын мерзімінен бұрын орындап шығуына және сентябрь айындағы өнімді қоспағанда мемлекеттік сатып алу орындарына 250 центнер сүт, 86 центнер ет, 22 центнер жүн сатуға мүмкіндік берді.

Колхозшылар кәзір өздерінің қол жеткен осы табыстарымен ғана қанағаттанып отырған жоқ. Олар малдың санын көбейтіп, өнімділігін арттыруда будан да жоғары көрсеткіштерге жету үшін күресуде. Осы мақсатпен мал азығының барлық резервін, атап айтқанда сабан мен топанды, күнбағыс пен капустаның және басқа да дақылдардың сабақтары мен жапырақтарын жыйнауды әлі тоқтатқан жоқ.

Осы аудандағы Молотов атындағы, Киров атындағы колхоздарда да мал азығын дайындауда айтарлықтай жұмыс істелді. Бұларда сүрлем салу, әсресе жүгері көкшесін сүрлеу тыңғылықты жүргізілуде. Молотов атындағы колхозда табиғи пішен жоспарланған мөлшердегіден 2700 центнер, Киров атындағы колхозда 1300 центнер артық дайындалды.

Мал азығын дайындауды, әсресе сүрлем салуды осылардай үлгілі, қызу қарқынмен жүргізуге облыстың барлық колхоздарында да мүмкіншілік болды. Оларда шабындық жерлер аз емес еді. Қай колхозда болса да табиғи шөптің және мал азығына деп себілген екпе дақылдардың шығымы жаман болған жоқ. Мұның үстіне шөбі ерте шабылған шабындықтарға қайрадан алсын, бітік шөп шықты. Оны екінші рет шауып, жыйнап алуға әлде де уақыт бар. Не пайда, облыстың көптеген колхоздарында жемшөп қорын толықтырудың осындай аса зор мүмкіншіліктері пайдаланылмай отыр.

Мысалға Ленин ауданының Киров атындағы колхозында болып отырған жағдайды айтайық. Өткен қыста бұл колхозда мал азығы тапшы болды. Соның салдарынан малдың едәуір шығыны және мал шаруашылығының өнімі аз болып, быйыл колхоз зиянға ұшырады. Кәзір будан колхоз басқармасы, оның председателі Сухомлинов жолдас қорытынды шығарып отыр ма? Жоқ. Олай дейтініміз, колхозда мал азығын дайындау жоспары жартылай қана орындалған болса, сүрлем салу жоспары да осылай орындалып отыр. Сухомлинов жолдас осыған қарамастан шөп шабуды, сүрлем салуды ерте тоқтатып қойған. Ол күнбағыс, картоп, овощ дақылдарының сабағы мен жапырағын жыйнаттыруды, оларды сүрлемге салдыруды өскерейтін болып

партия комитеттерінің осы маңызды міндеті насихатшыларды әркашан мәселеп, тәрбиелеп өсіріп отыру болып табылады. Саяси оқудың идеялық жоғары дәрежеде өтуі насихатшылардың теориялық даярлығының мол болуына және методикалық шеберліктеріне түгелдей байланысты. Сондықтан аудандық партия комитеттері насихатшылардың тұрақты семинарларының үздіксіз, жоғары дәрежеде жұмыс істеуін қамтамасыз ететін болулары керек. Көзір көптеген аудандарда насихатшылардың жаңа оқу жылы қарсаңындағы ең соңғы семинарлары өтуде. Насихатшылардың абройлы міндеті бұл семинарлардың жұмысына белсенділікпен қатысып, өздерінің теориялық және методикалық білімдерін практикалық жұмыста, біздің кадрларымызға марксизм-ленинизм негіздерін ұғындыру жұмысында шебер пайдалана білу болып табылады.

Жаңа оқу жылында коммунистердің еңбегі маркстік-ленинділік теорияны өздітінен оқып-үйренетін болады. Ал бірталай жолдастар бұл абройлы жұмысқа тұңғыш рет кіріседі. Жергілікті партия, комсомол ұйымдары саяси оқудың осы бір негізгі формасын қалап алған жолдастарға тыңғылықты теориялық және методикалық көмек көрсететін болуға тиіс. Мұндай көмектің өмір сынынан өткен ең бір қолайлы түрі лекциялық насихат болып табылады. Олай болса, жергілікті партия және комсомол ұйымдары жаңа оқу жылында лекциялық насихатты неғұрлым жоғары сатыға көтеруге міндетті.

Жаңа оқу жылында партия комитеттерінің кітапханалары да өздерінің негізгі міндеті —идеялық-теориялық дәрежелерін арттыру жөнінде жұмыс істеп жүрген коммунистерге, насихатшыларға және лекторлар мен консультанттарға нақтылы көмек көрсету жұмысын жандандыратын болуға тиіс.

Партия және комсомол оқуы жүйелеріндегі жаңа оқу жылы еліміздің шаруашылық, мәдени өміріндегі елеулі табыстарға қол жеткен жардайда басталғалы отыр. Облысымыздың кәсіпорындарында, колхоздары мен совхоздарының егін далаларында, сондай-ақ шаруашылықтың басқа да салаларында партияның XX съезі күрметіндегі бүкілхалықтық социалистік жарыс кеңінен өрістей түсуде. Бұл жардайда партия, комсомол ұйымдарының жауынгерлік міндеті —кадрларымыздың марксизм-ленинизмді творчестволықпен меңгеру ісін неғұрлым жоғары сатыға көтеру. Ал мұның өзі коммунистік құрылыста елеулі табыстарға жетуіміздің негізгі кепілі болып табылады.

* *



НОВОЧЕРКАССК. С. М. Буденный атындағы электровоз жасау заводы жасап шығарған 8 білікті «Н—8» жүк электровозы Сибирь мен Уралдың қиын профильді магистральдарына арналған. Оның қуаттылығы —5700 аттың күшіндей, конструкциялық жылдамдығы —сағатына 90 километр.

СУРЕТТЕ: «Н—8» жүк электровозы.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

сырмаларын 1,5—2 есе дейін орындап отырды.

Колхоз басқармасы колхозшылардың еңбекқүніне астықтай алғашқы аванс берді. Әрбір еңбекқүнге біржарым килограммнан астық бөлініп отыр. Жекелеген колхозшылар семьяларымен еңбекқүндеріне 100—150 пұттан астық алды. Олар бұл күндері мемлекетке астық сатуда. Көзірдің өзінде колхозшылар мемлекетке 7 мың пұттан артық астық сатты.

Р. ЖҰСЫПОВ.

22 мың пұт астық

Киров атындағы колхоздың колхозшылары СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысымен жігерлене отырып, егін жыйнау және астық дайындауды ұйымшылдықпен жүргізді. Сөйтіп олар 20 сентябрьге дейін мемлекет алдындағы бірінші парыз —астық дайындау жоспарын толық орындап шықты. Колхоз барлығы мемлекетке 21400 пұт орнына, 22 мың пұт астық тапсырды.

Бұл күндері колхозда келесі жылдың егісіне тұқым күю кең өріс алып отыр. Колхозшылар тұқымдық дәнді тазартып, оны өнгіштік сапаға жеткізуде.

В. ЗИНОВЬЕВ.
Совет ауданы.

Игі іс

Маленков атындағы колхоздың (Преснов ауданы) шоферлары П. Баганов пен Т. Полников өздерінің жүк машиналарымен комбайннан 10-12 километр қашықтықтағы орталық қырманға астық тасыйды. Олар тәулігіне 13—15 рейс жасайды. Шоферлар астық тасуды жеделдетумен бірге оның ысырап болмауына да баса көңіл бөлуде. Колхоздың басқа шоферлары озат шоферлар Баганов пен Полниковтан үлгі алуда.

Е. ХАМЗИН.

жалық заводы жасап берді.

Диірмен құрылысын жаңарту және басқа да бірнеше ұйымдастыру-техникалық шараларды жүзеге асыру табысты нәтиже берді. Көзір мұнда еңбек өнімділігі едәуір артты. Бұрын диірмен сағатына 10 центнер ұн тартатын болса, көзір сағатына 15 центнерлей ұн тартады.

Қ. ИСАЕВ.

Мичурин атындағы колхоздың (Конюхов ауданы) мүшелері съезд құрметіндегі жарыс күндерінде «ВИСХОМ» астық кептіргішімен күн сайын жүздеген центнер астық кептіріп жүр.

СУРЕТТЕ: егіс бригадасының бригадирі С. Милютин (оң жақта) және астық кептіргіштің машинисі Я. Смык кептірілген астықтың сапасын тексеріп тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**



Тепловоз депосының озат машинистері Брюнин, Степанов және Демитов жолдастар да бұрнағы күні салмағы жоспардағыдан 600—700 тонна асып түсетін ауырсалмақты поездар алып шығып, графикте белгіленген уақытта тиісті станцияларға жеткізді.

Р. ХОДОСЕВИЧ,
Петропавл тепловоз депосының операторы.

Двигатель жасау жеңілдей түсті

Шағын двигатель заводының коллективі өндіріс технологиясын барған сайын жақсарта түсіп келеді. Соның нәтижесінде мұнда еңбек көп керек ететін жұмыстар механика күшімен атқарылуда. Өндірісте қол еңбегі анағұрлым азайды.

Бұл —завод коллективінің творчестволық ой-пікірінен туған жаңалықты өндіріске батыл енгізудің нәтижесінде қол жеткен табыс. Завод жаңашылдары мен өнертапқыштары биылғы жылдың өзінде двигательдер жасау чертеждеріне 700-ден астам жаңалық, өзгеріс енгізді. Өндіріс технологиясы да едәуір жақсарып, көптеген двигатель тетіктері шаншаң және сапалы өзірленетін болды.

Заводта жаңалық, өнертапқыштар бригадасы ұйымдастырылды. Бұл бригада қысқа мерзім ішінде өндірісте еңбек өнімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту және өзіндік құнды кемітуге бағытталған 170 рационализаторлық ұсыныс жасады. Бұл ұсыныстарды жете зерттеп, өндіріске пайдалану, двигательдер жасауды барған сайын жеңілдете түсіп отыр.

В. НИКОЛАЕВ.

Сүрлем салу кезінде колхоздарға зор көмек көрсету МТС-тердің жауапты міндеті. Ал, МТС-тердің басым көпшілігі өздерінің осы борыштарын өтей алмай жүр. Жұмыстың бұл саласында өте-мөте артта қалып отырған Коновалов, Семиполка, Образцовая, Петропавл, Ново- Георгиев, Соколов, Ворошилов атындағы МТС-тер. Бұларда сентябрьдің 25-не дейін сүрлем салу жоспары 20-30 процентке дейін ғана орындалды.

• СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына таяудағы 5-6 жылдың ішінде мал шаруашылығы өнімін екі-екі еседен де аса өндіру міндетін қойды. Бұл жауынгерлік міндетті жүзеге асыруда малдың құнарлы азығын, атап айтқанда, сүрлемді мол дайындап алудың ерекше зор маңызы бар. Мұны жеңіл түсінген шаруашылықтарда сүрлем кезінде және жеткілікті мөлшерде салынды. Жергілікті партия, комсомол ұйымдары мен мәдениағарту мекемелері озат шаруашылықтардың тәжрибесін жете насихаттай отырып, әрбір шаруашылықта мал азығының, оның ішінде сүрлем сыяқты құнарлы азықтың мол болуына жетісу үшін еңбекшілерді жұмылдыра білулері керек.

Бізде мал азығының көп резерві бар. Оларға күнбағыстың картоптың, түрлі овощтың сабақтары мен жапырақтары, камыстың құрақтары жатады. Бұлар әзірге құрап, сапасын жоя қойған жоқ. Көп жерлерде тіпті көкше күйінде тұр. Сондықтан мал азығының бұл түрлерін ешқандай ысырапқа ұшыратпай, толық жыйнап алу, оларды сүрлемге салу кезек күттірмейтін және тездететін міндет.

Сүрлем салудың мерзімі өтті деп енді бұл жұмысты мүлдем тоқтатып қою ұтылғандық болар еді. Өйткені сүрлем салуға әлі уақыт бар. Күздің көзіргі жақсы күндерін бұл жұмысқа пайдаланып қалу сөз жоқ утқандық болып есептеледі. Мұны әрбір шаруашылықтың басшылары естерінде мықтап ұстауға тиіс.

Сүрлем —мал үшін құнарлы азық. Сондықтан сүрлемге салынатын мал азығының барлық резервін тиімді пайдалану арқылы әрбір колхоз бен совхоз бойынша жемшөп сүрлеу жоспарының толық орындалуы үшін күресу керек. Ал аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, колхоздардың, МТС-терің, совхоздардың басшыларынан мал азығының берік қорын жасау міндетін қамтамасыз етуді үнемі талап етіп отыруға тиіс.

* *



МОСКВА. Сталин атындағы автомобиль заводы еліміздің совхоздарына, колхоздары мен өнеркәсіп орындарына күн сайын жүздеген машина жөнелтеді.

СУРЕТТЕ: әзір автомашиналар экспедициясының шофері И. В. Иванов пен экспедитор К. А. Романова Калинин және Смоленск облыстарының колхоздары үшін машиналарды тиеу кезінде.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

Америка Құрама Штаттарының Президенті Жоғары мәртебелі ДУАЙТ Д. ЭЙЗЕНХАУЭРГЕ

Ақ үй, Вашингтон

Сіздің сырқаттанғандығыңыз туралы біліп, қатты қамықтым. Сіздің тез арада сауығуыңызды шын пейілмен тілеймін.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. БУЛГАНИН.

Америка Құрама Штаттарының Президентіне, Жоғары мәртебелі ДУАЙТ Д. ЭЙЗЕНХАУЭРГЕ

Ақ үй, Вашингтон

Сіздің сырқаттанғандығыңыз туралы хабарға қатты қамықтым. Сіздің тез сауығуыңызды шын жүректен тілеймін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

Н. А. БУЛГАНИН мен Н. С. ХРУЩЕВ Д. НЕРУДІҢ Индияға келуге шақыруын қабылдады

Индия Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің шақыруы бойынша ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин мен ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н. С. Хрущев быйылғы жылы Индияға барады және онда екі аптадан аз-ақ астам уақыт болады. Бұл сапар ноябрь-декабрьде болады деп жорамалдануда.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия ұйымының басшылығымен

Вильямс атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздардың бастауыш партия ұйымдары мал шаруашылығына басшылықты сәтсіз жасасартты. СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысы колхоз коммунистері мен комсомолцетерін мал шаруашылығын онан әрі дамыту жолына жігерленіре түсті. Олар мал өсірушілер арасындағы социалистік жарысты жандандыруды ұйымдастырып, малшылардың күнделікті жұмыстарында елеулі табыстарға ие болуына ықпал етіп келеді.

Бастауыш партия ұйымдарының іске нақтылы басшылық етуі нәтижесінде мал шаруашылығының өнімділігі артып, молая түсуде. Мысалға, «Большевик», «Зерновая фабрика», Сталин атындағы колхоздарды алайық. Бұл колхоздардың фермаларындағы сауыншылар өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда былтыр әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 255 литр сүтті артық алып отыр. Аты аталған колхоздар мемлекеттік міндетті түрде сүт тапсыру жоспарын толық орындап, бұл күндері мемлекеттік сатып алу орындарына көптен сүт сатуда.

Коммунистер мал шаруашылығында өздері қажырлы еңбек етіп қана қоймай, сонымен бірге мал өсірушілер арасында партияның XX съезі күрметіндегі социалистік жарыстың ұйымдастырушысы, ұйытқысы болып келеді. Съезд күрметіндегі жарыста Сталин атындағы колхоздың сауыншысы Любовь Фиттер, «Пятилетка Кирова» колхозының сауыншылары Гусельникова, Зотова жолдастар үздік алда болып отыр. Бұл жолдастар өздеріне бекітілін берілген 12 сыйырдың әркайсысынан 11 ай мерзім ішінде 1700-1800 литрден сүт сауды. Соңғы кезде күнінде сауылған сүттің мөлшері артпаса кемігем жоқ.

Сталин атындағы, «Зерновая фабрика» колхоздарының бастауыш партия ұйымдары (секретарьлары Н. Винокуров, Г. Коломойцев жолдастар) мал қыстату маусымына өзірлікке ерекше көңіл бөліп отыр. Атап айтқанда, мал азығын өзірлеу, оны мал қораларының жанына тасып жеткізу, жаңа қоралар құрылысын аяқтау, ескі қораларды жөндеуді тез бітіру істері қызу қарқынмен жүргізілуде. «Зерновая фабрика» колхозында өткен жылғы дәл осы уақыттағымен салыстырғанда 4 мың центнер шөп, 652 тонна сүрлем артық өзірленді. Ал Сталин атындағы колхозда 1 сентябрьге дейін мал азығындық 70 мың бума жапырақ дайындалды.

Колхоз бастауыш партия ұйымдары қоғамдық мал үшін тек жемшөп дайындау ғана емес, сонымен бірге малды жылы-жайлы қоралармен қамтамасыз етуге де көп көңіл бөлді. Сталин атындағы колхозда жаңадан 100 бастық шошқа қорасы, 100 бастық сыйыр қорасы және 80 бастық бұзау қорасы салынды. Ал, «Зерновая фабрика» колхозында 200 бастық бұзау корасы мен 150 бастық шошқа қорасы салынды.

И. АФАНАСЕНКО.

Оқу жылын бастауға әзірміз

Коммунистерді партия оқуы жүйесіне орналастыруда өткен оқу жылында орын алған кейбір кемшіліктерді ескере келіп, біздің колхоздың партия ұйымы быйыл бұл жұмысты оқу жылы аяқтала салысымен-ақ қолға алды. Өткен жылы партия ұйымы саяси оқудағы еріктілік принципі дегенді сыңаржақ түсініп, әрбір коммунистің өзіне лайықты оқу формасын таңдап алуына жетісе алмады. Мұндай кемшіліктің енді гі жерде қайталанбауы үшін біз партия оқуы тақырыбына әрбір коммунистпен жеке-жеке әңгіме өткізіп, оларға еріктілік принципінің терең мәнін түсіндіріп бердік. Соның нәтижесінде марксті-ленинді теорияны өздігінен оқып-үйренуге саяси және жалпы білім дәрежесі мүлдем сәйкес келмейтін бірталай жолдастар быйылғы жылы өздерінің білімін СОКП тарихын үйрену жөніндегі үйірмеде арттыруға тілек білдірді.

Жаңа оқу жылында үйірмеде 15 коммунист оқиды. Мысалы, Майбалық МТС-і аймағындағы нұсқаушысы А. Давыдов жолдас тағайындалды. Үш коммунистіміз: селолық Совет председателі Степаненко, байланыс бөлімшесінің бастығы Хвостей, колхоз председателі Белогуб жолдастар МТС жанынан ұйымдастырылған кешкі партия мектебінде оқыйтын болды.

Кәзір тыңдаушы коммунистердің бастапқы тұрған оқу жылында саяси білімдерін ойдағыдай арттыруы үшін қажетті жағдайлардың бәрі де жасалды. Үйірме сабақтары өткізілетін бөлме бөлініп, ол қорнекі құралдармен, диаграммалармен, карталармен, ал тыңдаушылар оқу құралдарымен жабдықталды. Сөйтіп, жаңа оқу жылының ұйымшылдықпен басталуына қажетті алғашқы шаралар ойдағыдай жүзеге асырылды.

И. БЕЛЬЧИКОВ,
Бастауыш партия ұйымының секретары.

Петропавлдың Герцен атындағы № 6 орта мектебінің оқушылары үйде өсетін әртүрлі гүлдерді егіп өсіруде. Олардың ішінде герань, астра, алой және басқа да гүлдер бар.

СУРЕТТЕ: 6-класс оқушылары үйде өсетін гүлдерді үлкен ыдыстарға ауыстырып отырғызуда. Оң жақта оқытушы **А. Волнухина.**

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Облыс колхоздарында зябь жыртудың барысы туралы

25 СЕНТЯБРЬДЕГІ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	зябь жырту	Аудандар	зябь жырту
Петропавл	59,2	Полудин	44,2
Конюхов	58,1	Булаев	40,7
Соколов	53,3	Октябрь	39,7
Ленин	51,1	Преснов	39,2
Мамлют	45,5	Приешім	38,9
		Совет	29,9

Облыс совхоздарында зябь жыртудың барысы туралы

25 СЕНТЯБРЬДЕГІ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

Совхоздар	зябь жырту	Совхоздар	зябь жырту
Тоқшын	67,6	Аманкелді	24,8
Петропавл	64,4	Дзержинский	22,6
Черкасс	56,1	Жданов	21,2
Марьевка	54,0	Жамбыл	21,0
Заря	47,7	Возвышен	19,8
Молодежный	44,0	Қызылы	17,6
Ленин	42,4	Интернационал	15,5
Мамлют	42,3	Украин	14,8
Явленка	40,4	Совет	14,5

Қамыс материалдарын құрылысқа кеңінен пайдаланайық

Қамыс —аса бағалы құрылыс материалы. Бұдан 40—50 жыл бұрын Россияда алғаш рет қамыстан жылылық шығармайтын және жылылық өткізбейтін плиталар жасала бастаған-ды. Алайда ол уақытта бұл құрылыс материалы кең түрде пайдаға асырылмады.

Совет өкметі жылдарында қамыс материалдарын халықшаруашылық құрылыстарына пайдалану кеңінен жүзеге асырыла бастады. Бірақ бастапқы кезде құрылыстық қамыс плиталарын пайдаланудың техникалық ерекшеліктерін жете білмеу салдарынан, объектілер көпке төзбей бүлініп, тез тозып келді.

Көп жылғы тәжрибе қамыс плиталарынан салынған үйлер, 25—30 жылға еркін төзетіндігін көрсетті. 1933—1936 жылдары Қарағанды облысының Михайловка станциясында қамыс плиталарынан 50-шақты тұрғын үйлер салынған еді. Бұл үйлер күні осы уақытқа дейін топтәуір қалпында. Қамыс плиталарынан бір қабатты ғана емес, бірнеше қабатты үйлер салуға әбден болатындығын да тәжрибе анық көрсетіп отыр.

Кәзір қамыс материалдарын құрылысқа пайдалануға зор маңыз беріліп келеді. Біздің Солтүстік Қазақстан облысы бұл аса маңызды құрылыс материалына бай. Облыстың су шаруашылығы басқармасының есебінде 60—тан астам үлкенді-кішілі көлдер бар. Бұл көлдерде 13113 гектарға жуық қамыс өскен. Ал жалпы облыс бойынша 21 мың гектар қамыс өскен көлдер бар.

Құрылыстық қамыс өндіру біздің облыста тек 1954—1955 жылдары ғана қолға алынды. Бұл жылдарда МТС-тер мен жергілікті өнеркәсіп мекемелері 27 мың текшеметр қамыс дайындады. Ал қолда бар күш-мүмкіншілік қамыс материалдарын бұдан әлде қайда көп дайындауға жетхілікті еді. Бірақ жекелеген МТС басшылары қамыс дайындау ісіне мән бермеді. Қамыс бауға байланбады, тек орылған қалпында тасылды. Ал кейбір МТС-тің басшылары дайындалған қамысты өңдейтін пункттерге деркезінде жеткізілуін қамтамасыз етпеді. Мәселен, Приешім МТС-і дайындалған қамыстың біраз бөлегін өзіміз пайдаланамыз деп қалдырып, ол қамысты сақтай алмады, іске жарамсыз қалыпқа келтірді.

Қазақ ССР Министрлер Советі май айында арнаулы қаулы қабылдап, облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мекемесіне быйылғы жылы 25 мың шаршыметр қамыс плиталарын және 150 мың метрлік қамыс бағаналарын жасауды міндеттеді. Қамыс материалдарына белгіленген бұл жоспарды орындау үшін жергілікті өнеркәсіп мекемелері қамыс бағаналарын 18251 метрлік қамыс бағаналарын дайындап шығарды.

Жасыратыны жоқ, жергілікті кәсіп орындарының жоғелеген басшылары құрылыстық қамыс дайындауға әлі де болса салақ, жауапсыз қарап келеді. Мәселен, Булаев аудандық өндіріс комбинатында (директоры Балашов, техноругі Шалимов) 2500 шаршыметрдей қамыс дайындалған еді. Июль айының бас кезінде комбинатқа арнаулы механикалық пресс берілді. Оны орнатуға, пайдалануға беруге қажетті көмек те жеткілікті көрсетілді. Амал не, комбинат басшылары осындай зор мүмкіншіліктердің өзін орынды пайдалана алмады. Олар жаңа техниканы өндірісте қабілеті аз адамға сенім берді де, іске бақылау жасауды мүлдем естен шығарды. Соның салдарынан жоғары өнімді жұмыс істеуге тиісті станок жиі-жиі босқа қарап тұрды. Міндеттелген жоспардың үштен бірі де орындалмай қалды.

Приешім аудандық өндіріс комбинатында да істің жайы нақ осындай.

ССРО Министрлер Советі жанындағы құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитет қамыс плиталарының үлгісін бекітті. Бұл үлгі тек механикаландырылған және қолмен сығымдалатын қамыс плиталарына қолданылады. Қамыс плиталары ауылшаруашылық құрылыстарына, тұрғын үйлерге, өнеркәсіп мекемелері үйлеріне және жылу өткізбейтін, жылу жібермейтін құрылыстарға пайдаланылады. Қамыс плиталарынан дымқылдығы 70 процентке дейін баратын кәсіпорындар салынбайды. Әрбір плитаның ұзындығы 2400—2600 немесе 2800 миллиметр, ал көлденені 550—950—1150 миллиметр, қалыңдығы 50—70 және 100 миллиметр болуы қажет.

Қамыс плиталарының жалпы салмағы 270—400 килограмнан аспауға тиіс.

Облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мекемесі быйылғы жылы Петропавлдың Коммунист көшесінде қамыс плитасынан төрт бөлмелі пәтер үй салды. Бұл жаңа үйді көрушілер қамыстан қаншалықты жақсы тұрғын үйлер салуға болатындығына кәміл сенеді.

Құрылыстық қамыс дайындайтын уақыт жақындап келеді. Жұртқа мәлім, қамыс плиталарын сапалы өндіру үшін қамысты деркезінде жыйнап алу керек. Біздің облыс жағдайында қамыстың ең сапалы уақыты күз, су алғаш қатқан кез. Бұл уақытта қамыс дайындау әрі жеңілге және арзанға түседі. Өбден пісіп, жетілген қамысты мерзімінде дайындап алу—халық шаруашылығындық аса маңызды іс. Сондықтан жергілікті өнеркәсіп мекемелері және МТС басшылары, партия, кәсіподақ ұйымдары қамыс дайындауға

шылыққа аудандық партия комитетінің Молотов атындағы колхоз.

Үгітшілердің игі жұмыстары

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Петропавл ауданы) мүшелері партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста алғашқы табысқа ие болды. Колхоз егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізді. Мемлекетке міндетті астық тапсыру және МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу жоспарларын толық орындады. Кәзір мемлекетке астық сату жұмыстарын жүргізуде. Осы жұмыстарды ұйымдастыруда егіншілер арасында жүргізілген саяси үгіттің үлесі мол.

Колхоз партия ұйымы комбайн агрегат тары мен астық қырмандарында үгітшілер И. Штайгер, М. Мартын, Л. Корина, Баянова және басқа жолдастардың егіншілермен саяси тақырыптарда үнемі әңгімелер өткізуіне, жауынгерлік листоктар шығаруларына, сөйтіп, өндіріс озаттарының тәжірибелерінің кеңінен насихатталуына, жұмыстағы кемшіліктердің батыл сыналуына жетісті. Үгітшілер қажет болған жағдайда түнгі сменаларда жұмыс істеп, қырмандардағы астықты тазалауға тікелей қатысты.

Кәзір колхоз үгітшілері колхозшы шаруалар арасында мал қыстату маусымына үлгілі әзірлену және оны ұйымшылдықпен өткізу жолындағы үгітті кеңінен өрістетуде.

Е. ВАСИЛЬЕВА.

Шағлы	32,9	Буденный	13,5
Тимирязев	31,8	Қызыләскер	13,1
Тамань дивизиясы	30,1	Ұзынкөл	12,5
Булаев	30,0	Қарағанды	12,5
Преснов	28,2	Ешім	10,3
Маленков	26,9	Октябрь	8,9
Хрущев	26,0	Степной	8,1
Москворецк	25,7	Чистов	6,7
		Докучаев	3,0

Мал шаруашылығында жұмыс істеуге баруда

ҚЫЗЫЛОРДА, (ҚазТАГ). Орта мектепті бітірушілер колхоз өндірісіне жұмысқа жіберуді сұрап Жаңақорған, Сырдария, Теренөзек аудандық комсомол комитеттеріне көп өтініш беруде. Сентябрь айында ғана колхоздардың мал шаруашылық фермаларына барып жұмыс істеуге 20-дан аса комсомолец жолдама алды. Олардың ішінде «Кеңес» колхозында шопан болып жұмыс істеуге тілек білдірген Кайып Жұрынтаев пен Ақтай Бажиров, Ленин атындағы колхозда бақташы болып жұмыс істеуге тілек білдірген Анарбек Нұрлыбеков бар.

Облыс орталығынан жүзден аса комсомолец колхоздарда жұмыс істеуге аттанды.

плиталарын жасайтын 6 қол станогін жасап шығарды. Мұнымен бірге, Қарағанды облысына 2 эксперименталды -механикалық станок жасалып берілді. Жаңадан жасалған станоктардың барлығы да ерекше назар аударуға тұрарлық. Мұнда жасалған механикалық престер бірден жеңіл болса, екіншіден өте арзан, пайдалануға да ыңғайлы.

Совет аудандық өндіріс комбинатының жоллективі мұндай жаңа техниканы өндіріске алғашқы күндерден бастап өнімді пайдалана білді. Олар екі ай уақыт ішінде 3 мың шаршыметр қамыс плиталарын дайындап шығарды. Ал, Полудин және Преснов аудандық өндіріс комбинаттарында да жаңадан жасалған қол станоктар жоғары өнімді жұмыс істей бастады. Облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мекемесі 8 ай ішінде 53609 шаршыметр қамыс плиталарын, ұзындығы мыстарын осы бастан бастап-ақ жүргізулері керек.

Облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесі осы жылдың 4 тоқсанынан бастап алты механикаландырылған пресс және оншақты қол станоктарын жұмысқа қосады. Сөйтіп, 1955 жылдың күзінде дайындалған қамыстың көпшілігі қалыңдығы 50 және 100 миллиметр қамыс плиталарын жасауға жұмсалады.

Аудандық өндіріс комбинаттары және МТС басшылары, партия, кәсіподақ ұйымдары халықшаруашылық құрылыстарына қажетті бағалы құрылыстық материал— қамыс плиталарын жасауға және дайындалған плиталарды құрылысқа кеңінен қолдануды жүзеге асыруға атсалысулары керек.

И. ПРОНИН.

Облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесінің бас инженері.

СОВХОЗДЫ ӨЛКЕДЕ

Тың жерлер игеретін өте ірі аудандардың бірі —Көкшетау облысы біраз уақыттан бері совхозды өлке деп орынды аталып жүр. Мұнда, ұлан- байтақ жазық далаларда соңғы екі жылда астық және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіру жөніндегі механикаландырылған ірі кәсіпорындар—58 жаңа совхоз құрылды. Кәзір облыста 68 совхоз бар. Ауылшаруашылық техникасымен мол жабдықталған ол совхоздар ұлан- байтақ тың және тыңайған жер алқаптарын игерді. Екі жарым миллион гектардан аса жерді жырту есебінен егіс көлемі мыңтан ұлғайды, мұның өзі астықтың жалпы түсімін өте көп арттырды. Биылғы ауа райы өте қолайсыз болған жылдың өзінде Көкшетау облысы мемлекетке ондаған миллион пұт астық береді. Облыстың элеваторлары мен дайындау пункттеріне түсетін астық соңғы он жылдың ішінде егін өте шығымды болған өткен жылда қабылданған астықтан екіжарым есе артық болды.

Көкшетау облысы егіншілерінің беретін астығының жартысынан көбі өте бағалы азық- түліктік дақыл —совхоздарға жаңадан қоныстанғандар өсіріп шығарған жаздық қатты бидай. Кәзір, Көкшетау облысының жаңа жерлерінде егін өнімін жыйнау жұмысы жүргізіліп жатқан кезде, егіс далаларында сан мыңдаған комбайндардың гүрілдеген даусы күндіз де, түнде де басылмай жатқан кезде, ал астық тиелген ауыр салмақты автомобиль поездары далалағы жолдармен үзіліксіз ағылып жатқан кезде оянған өлкеде болған өте зор өзгерістер ерекше көзге түсіп отыр.

Топырағының табиғи құнарлылығы артықша болатын Рузаев ауданында бұған екі жыл бұрын бес совхоз, үш МТС, 23 колхоз бар еді. Ауданда барлық ауылшаруашылық дақылдары 65 мың гектар жерге егілгін, астықтың жалпы түсімі 5.900 мың пұт болған. Тамаша құнарлы жүз мыңдаған гектар жер босқа жатты, ал табиғи байлығы өте көп бұл ауданелімізге екі миллион пұттан сол ғана асатын астық беріп келді.

Тың жерлерді игеру жөніндегі жұмыстар өрістеген кезде Көкшетау облысының Рузаев ауданында Есіл өзенінің аңғарына негізгі көңіл бөлінді. Кәзір мұнда жаңа ұйымдасқан астық шаруашылықтарының: Ялта, Жаркөл, Привольный, Жданов, Западный, Урожайный, Ленинский, Целинный, Нежинский, Заречный совхоздарының ұлан-байтақ территориялары бар. Мұнда небәрі 17 совхоз бар. Көктартарлық, әдемі құрылыстары, жеміс бақтары бар совхоз усадьбалары Есілдің екі жағындағы жағалауға орналасқан. Түнде совхоз поселкелерінде электр шамдары жарқырап тұрады.

Жаңа астық совхоздары және тортінші машина- трактор станциясы ұйымдастырылғаннан кейін Рузаев ауданында егіс көлемі он есеудей дерлік артты. Мұның өзі ауа райының жағдайы қандай болса да астық өндіруді және оның жалпы түсімін мыңтап арттыруға жағдай туғызды.

Рузаев ауданында, сол сияқты Қазақстанның басқа да бірқатар солтүстік-шығыс аудандарында, биылы егіншілер үшін ауыр жыл болды. Көктемде ұзаққа созылған құрғақшылық, суық жел болды. Жаз айларында аңызақ болып, жауын болмады деуге болады.

Көктемдегі егіс кезінде тың жерлерге жаңадан қоныстанғандар өте күшті қажырлылықпен еңбек етіп, қысқа мерзім ішінде 617 мың гектар егіс, соның ішінде 570 мың гектар дәнді егін екті.

Целинный совхозы 32 мың гектардан асатын жердің егісін жыйнайды. Совхозда егін жақсы шыққан. Әр гектардан бастырылған астық 16, 18 ал кейде 20 центнерге де жетеді, ал совхоздағы адамдардың әрқайсысы да міндеттеменің орындалатынына —Целинный совхозының қоныстанушылары елімізге кем дегенде біржарым миллион пұт астық беретініне көмілі сенеді.

Өткен жылы ұйымдастырылған, биылғы көктемде 21.500 гектар егіс екken Жданов совхозының жері онша қашықта емес. Астық піскен кезде ұлан- теңіз бидай егісінің айналасын бірінші айналу құрметі комбайншы Владимир Шнуркова тиді. Санаулы минуттар өткенде комбайншы:

—Бункер толды, астық түсіруге машина жіберіңдер! —деген сигнал берді.

Комбайншы Шнурко егін орағының алғашқы күнінде әр гектардан 18 центнерден астық бастырды. Шнуркодан кейін Владимир Думаненконың агрегаты. Украинадан жұмыс келген Николай Высоцкий комбайн мінбесіне көтерілді. Тұқым участогін жыйнау абройы Константин Антонюжке тиді, ол участокте бастырылған астық гектар сайын 21-22 центнерге жетеді.

Жданов астық совхозының директоры Дмитрий Андреевич Скрипник жұмыстың осындай қауырт жүріп жатқан кезінде коллектив жұмысының нәтижелерін жан-жақты ойластыруға, бәрін де тексеруге және ең негізгісі алдағы уақыт үшін қорытындылар жасауға уақыт таба алады: өйткені совхоз игерген тың жерлерден алған егілген егістің өнімін жыйнап отыр, ол жаңадан ғана аяқ басып келе жатыр, ал алда істелетін істер, күтпеген қыйыншылықтар әлі де соншама көп болып отыр.

Скрипник Қазақстанның тың жерлеріне Днепропетровск облысынан келді, ал онда ол ондаған жыл бойы совхоз директоры болып жұмыс істегенде істің бәрін Днепр маңындағы жағдайға байланыстыра өлшеп- пішуге дағдыланып қалған тәрізді. Егіс шығымдылығының жәйі өңгіме болғанда Дмитрий Андреевич бет әлпетінен шаршағандықтың бейнесін жоғалту үшін бет-аузын уқалап, түнбаласы ұйқы көрмегендіктен қызарып кеткен көздерін қалың әйнекті көзілдірік арқылы әңгімелесіп отырған адамға қадай қарап, байсалды сөйлеп былай дейді:

—Біздің совхозымызда украиндық жігіттер аз емес, олар егер Украинада мұндай құрғақшылық жыл болса, егін жыйнау жұмысы соншама жеңіл болар еді, тіпті жыларыңды да, күлеріңді де білмес едің деседі. Тіпті комбайнды да далаға шығарудың қажеті болмас еді. Астық түгелімен күйіп кетер еді. Ал біздің астығымыз бар екенін көріп отырсыз ғой. Не дегенмен де, бұл жердегі тың жерлерді алтынмен барабар деуге, тіпті алтынның өзі деуге болады. Тек менің сізге айтайын дегенім: бұл жер көп еңбек сіңіруді, еңбек болғанда ашы теріңді көйлегіңнің ыйығынан сығып алатындай еңбек сіңіруді тілейді. . .

Үндемей ойланып отырады да Скрипник тағы былай дейді:

—Біздің совхоздың жаңадан қоныстанушылары егін шығымдылығы үшін қалай күресіп, құрғақшылықты қалай жеңгені жайында кітап жазуға да болар еді. Өткен жылы, тыңды жыртқан кезде-ақ ылғал үшін күрес басталды. Ал тыңдағы топырақта ылғал запасын сақтаудың маңызы қандай? Мұның өзі, ең алдымен, тың жерді ерте мерзімде жырту деген сөз. Біз бұл жұмысты 20 июньге дейін аяқтадық. Шымды аударысымен оны екі рет дискіледік. Түгелімен аударылып, жақсылап дискіленген шым топырақта бұрыннан бар ылғалды сенімді қорғаушы болады, ол ылғалды қандай жел болса да ауаға айдап шығара алмайды. Бірақ мұның өзі де жеткіліксіз болады. Ықтырма егуді алалық. Жаңа ғана өңделген тыңға, жаңа ғана аударылған шымға ықтырма егу —міне бізге егін шығымдылығын қамтамасыз еткен нәрсе осы! Біз алты мың гектар жерге күнбағыс ықтырмасын егіп, бұл жұмысты 1 июльге дейін аяқтаған едік. Бір өкінетін іс, мұнан көп жерге егуге тұқым жетпей қалды. Күнбағыс ықтырмасы егілмеген жерге қыстығуні тракторға тіркелген қаржыртқышпен екі рет қар тоқтаттық. Қыстың аяғында даладағы қардың қалыңдығы бір метрге, ал ықтырма егілген жерлерде 120 сантиметрге жетті.

Ылғал мол болды, бірақ енді оны сақтай білу де керек қой. Көктемде, даладағы қар әлі кетпі болмай жатып-ақ трактор паркін түгелімен тырмалауға шығардық. Қыйыншылық та болды. Машиналар батпаққа батып, тоңы түскен топырақ кіріп кеткені соншама, тіпті қос бұксирмен сүйреп шығаруға тура келген кездер де болды. Трактористер да қатты ренжіп жүрді, бірақ солай болса да, мұнсыз егінмен мол өнім күтуге болмайтынын түсініп, агротехника бойынша істелуге тиісті жұмысты түгелімен атқарды. Ылғал үш күнде жабылып, егіс жұмысы бұған ілесе жүргізілді. Топырақ жел соққан кезде тез кеуіп кетеді. Сеялкалардың шұмектері шегіне жеткізілген тереңдікке — сегіз, тоғыз, тіпті он сантиметрге дейін қойылды. Былай деп ойладық: егістің кәті екі-үш күн кешігіп шыққа да, бірақ ол қуатты болып шығады, сөйтіп, жауын болмағанның өзінде де астық шықпай қала алмайды.

—Міне, шындығында, біздің бүкіл агротехникамыз осы,—деп Скрипник сөзін кенет аяқтады. —Біліп отырсыз ғой, ол онша қыйын да емес, ал бірақ өте маңызды жұмыс. Кәзір, егінді қайткенде тезірек жыйнап алуды бәрінен де гөрі көбірек ойлау керек болып отырғанда, менің бұл жайды өте толық айтып отырғанымның себебі не екен? —деп те ойлайтын боларсыз. Биылғы жыл біздің көп нәрсеге үйретті. Алдағы жылдың қандай болатынын кім біліпті дейсің? Ал бұлай етпеуіміз оңды болады: топырақта ылғалды молырақ жыйнап, сақтасаң үттым, астығым болады деп бәрік сенімменен айта аласың. Жұрттың айтып жүргеніндей, тың жерге қаншама сенсеңде, өзің қапыда қалып жүрме. Ауа райы құрғақшылық болған жағдайда ылғал үшін күресу бүкіл агротехниканың негізі болады, ал мұны біздер, совхоздардың басшылары, мамандары ойластыруымыз керек, көп ойластыруымыз керек, қажырлылықпен ойластыруымыз керек.

Жданов совхозының жаңадан қоныстанған адамдары өте күшті құрғақшылық жағдайында бағындырған тың жерде алғашқы егінді өздерінің қалай өсіріп шығарғанын мақтаныш сезіммен әңгіме етеді. Көршілес Жаркөл совхозында да осы жайды естисіз. Целинный совхозында да, Привольный совхозында да, Урожайный совхозында да осындай әңгімені естуге тура келетін болар. Советтің алдыңғы қатарлы агротехникасына нағыз творчестволық көзбен қарау, басшылардың және қатардағы механизаторлардың ауылшаруашылық ғылымының барлық ережелерін өндірістік практикада қолдануға ұмтылуы мен шеберлігі, совхоздардың партия ұйымдарының, коммунистердің озат агротехника тәсілдерінің тың жерлерді өңдеуде алатын өте зор маңызын жаңадан қоныстанушыларға түсіндіре білуі —республиканың ең ірі астықты ауданындағы совхоздардың көпшілігінде кең көлемді егістен қатаң қуаңшылық жағдайында жақсы өнім алуды қамтамасыз еткен шаралар міне осылар деп білуіміз керек.

Есіл өзенінің алқабындағы совхоздардың далаларында егіс өнімін жыйнау жұмысы жүргізіліп жатыр. Аудан биыл 26 миллион пұттан аса астық жыйнайды. Тың жерлердегі еңбекшілер елімізге 15 миллион пұттан астам астық тапсырады.

Оянған өлке халыққа өзінің қыйсапсыз көп байлығын беруде, тыңды бағындырушылардың қажырлы еңбегін баға жетпес алтын дәмен өтеуде.

Вл. ИШИМОВ.

Тұқым әзірлеудегі кемшіліктер дереу жойылсын

Облысымызда тұқымдық шаруашылықты дұрыс жолға қойған, сөйтіп жыл сайын өзін сапалы тұқыммен қажетінше қамтамасыз етіп келе жатқан колхоздар аз емес. Оندай колхоздар дәнді дақылдарды аудандастырылған, мол өнімді тұқыммен қамтамасыз ету арқылы егіннен мол өнім алып келеді. Мұндай шаруашылықтардың қатарына Преснов ауданындағы Маленков атындағы, «Красный партизан», Ленин ауданындағы «Советский», «Мир» және басқа да бірқатар колхоздарды қосуға болады.

Үстіміздегі жылы Полудин ауданындағы «Пламя революции», Петропавл ауданындағы Чапаев атындағы, Мамлют ауданындағы «Индустрия» колхоздары астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындап, өздерін жоғары сапалы тұқыммен қамтамасыз етті. Сөйтіп бұл шаруашылықтар көзірдің өзінде келесі жылы егіннен мол өнім алудың негізгі бір шарасын жүзеге асырды. Осы сияқты, келесі жылдың егісіне қажетті тұқымды Суворов атындағы, Семиполка және Тимирязев атындағы МТС-тердің қамтуындағы көп колхоздар жеткілікті мөлшерде әзірлеп алды.

Алайда облыстың барлық колхоздарында келесі жылдың егісіне қажетті тұқым жеткілікті мөлшерде әзірленген жоқ. Бұл біз аудан шаруашылық мамандары мен МТС, колхоз басшылары жете назар аудармай келеді. Көптеген колхоз басшылары дәнді дақылдардың мол өнімді тұқымын өз колхоздарында өсіру ісіне әлі көңіл бөлмей жүр. Бұған, әсресе, Октябрь, Булаев және Совет аудандарының колхоздары жеткілікті мөн бермей келеді. Бұл аудандардың көпшілік тұқымдық шаруашылықтарының жұмысы бетімен жіберілген. Ондай шаруашылықтарда егіс ету, оны күту жұмыстары агротехникалық ережелердің талаптарына сай жүргізілмейді. Тұқымдық участоктердің егіні мерзімі өтіп кеткеннен кейін жыйналуы себепті одан алынатын өнім әрі аз, әрі сапасы төмен болып келеді.

Коновалов, Сартомар, Чистяк, Николаев сондай-ақ Петропавл МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда келесі жылдың егісіне тұқым әзірлеу мүлдем баяу жүргізілуде. Буларда 20 сентябрьге дейін тұқым күю жоспары небары 20-47 процент ғана орындалды. Аталған МТС-тің директорлары және агрономдары тұқым күю ісінің нақтылы жайын да жете білмейді. Тіпті бұл жұмыстың жайын жақсартумен олар шұғылданып та жүрген жоқ. Осы себепті тұқымдық астық өлшенбестен, ашық қырмандарда тазартылмай және кептірілмей жатыр.

Вильямс атындағы МТС-тің қамтуындағы көптеген колхоздарда тұқымның теңжарымы ашық қырмандарда жатыр. Тіпті [illegible] осындай кемшіліктер Налобин және Майлық МТС-терінде де орын тепкен. Бұл МТС-тердің директорлары Наумович, Андрошков жолдастар және колхоздардың председательдері тұқым дайындауда өткен жылы кездестірген кемшіліктерді мүлдем естен шығарған болулары керек. Олар өткен жылы тұқымдық участоктердің егінін кезінде жыйнауды ұйымдастырмай және тұқымды тазарту, кептіру жұмыстарын үлгілі жүргізбей тұқымның шығымдылығын азайту фактісіне жол берген-ді. Осының салдарынан колхоздар тұқым айырбастауда көп қыйыншылықтарға кездесті. МТС, колхоз басшылары бұдан былай тиісті қорытынды шығаруға тиіс.

Мәселе тұқым күю жоспарын орындап қоюда ғана емес, сонымен бірге неғұрлым шығымдылығы жақсы тұқым әзірлеуде болып отыр. Бірақ бұл жағдайды бірқатар колхоздардың председательдері мен агрономдары жете ескермейді. Олар астықтың қысқы уақытта қар түспейтін, астық бүлінбейтін қоймаларда сақталуын қамтамасыз етпейді. Совет ауданындағы «Игілік», Молотов атындағы, Октябрь ауданындағы «Бірлік», Чапаев атындағы колхоздарда жыл сайын тұқым қыс кезінде дұрыс сақталмағандықтан шығымдылық сапасын жойып келеді. Бұл кемшілікті үстіміздегі жылы үзілді-кесілді жою керек.

Келесі жылдың егісіне тұқым әзірлеуде машина-трактор станцияларының жанындағы тұқымдық байқау лабораторияларына жауапты міндеттер жүктеледі. Бірақ, лаборатория қызметкерлері бұл істе мардымды жұмыс істей алмай келеді. Коновалов және Интернационал МТС-терінің тұқымдық байқау лабораториялары тұқымның сапасын айыру жұмысына мүлдем әзір емес. Лабораториядағы мамандар колхоздарда болып, тұқымды күю және сақтау ісінде нақтылы көмектер көрсетпейді.

Алдағы жылы егіннен мол өнім алу міндеті —колхоз, МТС басшыларынан және агрономдардан әрбір колхозда тұқым күю жоспарының толық орындалуын және шығымдылығы жақсы сортты тұқымның мол өзірленуін қамтамасыз етуді талап етеді. Сондықтан олар тұқым күюда орын алып отырған кемшіліктерді дереу жоюдың шараларын белгілеуге тиіс. МТС директорлары мен колхоз басшылары астық тазартқыш машиналардың тәулік бойы жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызып, тазартылған астықтың дереу кептіріліп, астық қоймаларына тасылуын және сақталуын дұрыс ұйымдастырулары керек.

Ф. НАБОКОВ,
ККП облыстық комитеті ауылшаруа-

Өрге басқан шаруашылық

Соколов ауданының Ленин атындағы колхоздың шаруашылығы жыл сайын өсіп, нығайып келеді. Колхозшылар жерді үнемді пайдалану арқылы колхоз байлығын молайтуға жетісуде. Былыл тың игеру есебінен жыйналатын егіннің көлемі көп ұлғайды. Жаңа жерлерге жаздық бидай егілді.

Жаңа жерлерді тиімді пайдалану мал шаруашылығын алға бастыруға мүмкіндік беруде. Колхоз қосымша көкшөп және пішен алу мақсатынан қара бидай өсетін, сауын малын көк жүгерімен қосымша азықтандыратын болды. Соның нәтижесінде әр сауын сыйырдан өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда быйыл 300 килограмм сүт артық сауылды.

Колхозда Павел Воробьев көп жылдардан бері председатель болып істейді. Ол колхозды көп салалы шаруашылыққа айналдыруға, бақша-огород егістерінің көлемін ұлғайтуға үнемі атсалысып келеді. Колхоз егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын жақсы ұйымдастырып, ауданда алдыңғы орындардың біріне ие болды. Колхозда жөмшөп дайындау жоспары 110 процент орындалды.

Ж. КӨБЕГЕНОВ.

Орман шаруашылығы қызметкерлерінің табысы

Конюхов орман шаруашылығының қызметкерлері СОКП-ның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыска ұштасып, өндірістік программаны мерзімінен бұрын орындау, өнімнің сапасын жақсарту үшін күресуде. Облыстық орман шаруашылығы коллективтерінің жарысында Конюхов орман шаруашылығы жартыжылдық тапсырманы 106,6 процент орындап, алдыңғы орындардың біріне ие болды.

Орман шаруашылығының коллективі жылдық тапсырманы Советтік Конституция Күніне дейін орындауға міндеттенуде отыр. Бұл күндері коллектив өзінің алған міндеттемесін кезінде орындау үшін күресуде.

Е. ЖОЛЫМБЕТОВ.

Картоп пен овощтың бағасы арзандауда

Быйыл облысымызда картоп, овощ дақылдарының көлемі өткен жылдармен салыстырғанда едәуір ұлғайтылды. Әрбір шаруашылықта картоп, овощ дақылдарын өсіретін звенолар құрылып, олардың құрамына тәжрибелі овощ өсірушілер іріктеліп алынды. Олар осы дақылдарды баптап- күтіп, мол өнімді овощ дақылдарын өсірді.

Петропавл, Ленин, Приешім, Булаев, Полудин және Соколов аудандарының колхоздары мен совхоздары көзір қаланың базарлары мен дүкендерінде картоп пен овощты көптеп сата бастады. Бұл

И. Е. Репин

(Қайтыс болғанына 25 жыл толуына)

29 сентябрьде орыстың ұлы суретшісі Илья Ефимович Репиннің қайтыс болғанына 25 жыл толды. Орыстың реалистік көркем сурет мектебінің данышпан шебері И. Е. Репиннің творчествосы дүние жүзінің мәдениет қазнасының бай қорына заңды түрде қосылды.

Репин алғашқыда Чугуев қаласындағы суретші И. М. Бунаковтың мастерскойында сурет салу өнерімен шұғылдана бастайды. И. Е. Репин 19 жасар кезінде Петербургке келіп, мұндағы көркем суретті құрметтеу қоғамының мектебіне, одан бір жыл өткеннен кейін көркем сурет академиясына түседі. Академияда өткен 10 жыл ұлы суреттшінің творчествосында мәңгі өшпес із қалдырды.

Орыстың революцияшыл демократтары Белинскийдің, Добролюбовтың, Чернышевскийдің озық көзқарастарының ықпалымен Репин бірден-ақ орыс искусствосының И. Н. Крамской бастаған жаңа ағымына қосылды.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында Репиннің «Волгадағы бурлактар» деген реалистік үлкен полотносының жарыққа шығуы көркем сурет саласындағы аса көрнекті оқыйға болды. Ұлы суретші бұл суретті салумен академияда оқып жүрген кезінде үш жыл шұғылданды. Суретші осы тақырыпты таңдап алу және өзінің алдына патшалық Россияның тұсындағы езушілікті, опасыздықты, теңсіздікті әшкерелеу міндетін қою арқылы өз заманындағы демократиялық идеялар туын көтерді.

«Волгадағы бурлактар», «Курск губерниясындағы крест жорығы» деген суреттерінде Репин сол кездегі аш-жалаңаш, езушілікте жүрген, бірақ өзінің азаттығы, жарқын болашағы үшін күресуге белін бекем буған халықтың өмірін шындықтың ұлы күшімен бейнелей білген.

Репин көркем сурет салу жөнінде арнаулы білім алу процесін Парижде аяқтанды. Бірақ Парижде болған кезінің өзінде ол портреттер салу ісімен онан әрі шұғылдана түсіп, «Садко», «Париж кафесі» деген атақты суреттерін салды. Ол осы шетелдерде болған жылдарында Веласкестің, Рембрандтың, Тицианның және басқалардың творчествосымен терең танысты.

Туған Отанына шетелдерден қайтып келгеннен кейін И. Е. Репин өзінің реалистік дарындылығының жемісін сынысы В. В. Стасов Репиннің «Протодиакон» картинасы туралы «Мына қаһар, жантүршігерлік «Варлаалды» салған суретшінің кеудесінде қандай от жалындаған екен» деп жазды.

Репиннің «Иван Грозный және оның ұлы Иван» деген суретінің жарыққа шығуының орасан зор саяси мәні болды. Ұлы суретші бұл еңбегінде тек жеке дара үстемдік жасауға ұмтылып, адамгершілік қасиеттің бәрінен айырылған патшаны адам түршігерлік қаншікер ретінде көрсетеді. Бұл сурет күрделі психологиялық міндетті шешудің, аса терең трагедиялық кезеңді бейнелеудің тамаша үлгісі болды.

«Запорожьеліктер», «Иван Грозный және оның ұлы Иван» суреттері тамаша суретшінің адамның қайғы-қасіреті мен қуанышын терең аша білетін ұлы жаңалардың әлеуметтік мәнін ұғынды етіп бейнелей алатын ұлы психолог суретші екенін анықтап көрсетеді. Ұлы суретшінің осы творчестволық жолы оның өз заманындағы өмірді реалистік тұрғыдан баяндай алатын, туған халқының тарихи тағдырын бейнелеудің шебері екендігін білдіреді.

И. Е. Репин өз заманындағы барлық саяси оқыиғаларға үн қосып отырған. Ол өзінің шығармаларында самодержавие мен реакцияның зұлым күштерін әшкерелеп отырып, ескіліктің ұзақ өзбір күштеріне қарсы күресуші — революционерлердің ораздарын жасауға да ағрнеше шығармаларын арнады. Бұл тақырыптарға арнап ол «Пасихатшының тұтқындалуы», «Күтпеген ерік» деген еңбектерін жазды.

Ұлы суретші Л. Н. Толстойдың, П. А. Стрепетованың, В. В. Стасовтың және басқалардың портреттерін жасау арқылы өз заманындағы алдыңғы қатарлы интеллигенцияның ішкі бейнелерін көрсете білді. Ол «Мемлекеттік советтің салтанатты мәжілісі» деген үлкен полотносында аристократияның мінездемесін жасап берді.

И. Е. Репиннің творчествосы тек біз үшін, біздің отанымыз үшін ғана емес, өзгі дүниежүзілік мәдениет үшін аса тамаша мұра болып таныла бастады. Біздің халқымыз өзінің данасы, көркем сурет саласындағы данышпаны Репинді жоғары бағалады.

Репин—нағыз халық суретшісі. Ол өзінің бүкіл творчествосын өзі

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

„Ептеп жүрген жай бар“

Ленин аудандық тұтынушылар одағы председателінің орынбасары Адерихин жолдас Ивано- Петровка селолық тұтынушылар қоғамында жиі-ақ болады. Келген сайын,

—Қандай кемшілік, жетіспеушілік бар? —деп сұрап та қояды. Бұған әбден бойы үйренген тұтынушылар қоғамының председателі Логачевтың жауабы да әзір.

—Ептеп жүрген жай бар, —дейді ол.

—Тұтынушылардан шағым түскені қалай?

—Бәрін бірдей рәзы ету қыйын ғой, Адерихин жолдас.

Бастықтар әңгімесі осымен аяқталды да, орталық дүкенге кіріп шыққан Адерихин Явленкаға қайтып отырады.

—Бәрі де орнында, —деп мәлімдейді ол қайтып келген соң.

Адерихин айтқандай, Ивано- Петровка селолық тұтынушылар қоғамында тұтынушыларды қамту ісі ойдағыдай болып отыр ма? Мәселенің анығына келейік.

Тұтынушылар қоғамы 6 дүкенді өнеркәсіп товарларымен, тұтынушылар үшін күнбе-күнгі аса қажетті бұйымдарымен жабдықтап тұруға тиіс. Бірақ бұл мұнда әлі күнге дейін өте бір қыйын іс сияқты. Дүкендерге жаңа товарлар сирек түседі. Қойма меңгерушісі Мельников жаңа товарларды дүкендерге түсірмей, тамыр- таныстарына сатумен шұғылданады.

Дүкендердің жұмысы жайында бір-екі сөз. Дүкен сатушылары тұтынушыларды мәдениетті қамту, оларды қажет ететін бұйымдарын мүмкіншілігінше тез тауып беру өздерінің бірінші міндеті екендігін көбінесе ұмыт қалдырады. Дүкеншілердің басым көпшілігі жұмыс күндерін дұрыс пайдаланбай, дүкендер мезгілсіз жабық тұрады.

Бір-екі мысал келтірейік. Волошинка селосындағы дүкеннің сатушысы Б. Әлептенова тұтынушылар талабымен мүлде санаспай, аптасына екі-үш күн дүкенді мүлдем жауып қоюды әдетке айналдырған көрінеді. Оның үстіне ол дүкенге келген адамдарды мәдениетті қамтып, сыпайы болудың орнына, дөрекілікке салынған. Буденный атындағы дүкеннің сатушысы Говаркова туралы да осыны айту керек.

Жазғы жұмыстар кезінде ауыл-село еңбекшілерін қажетті бұйымдарымен қамтамасыз етудің тиімді жолы— дала қоныстарында сауда ұйымдастыру. Ол үшін көшпелі магазиндердің зор маңызы бар. Амал не, тұтынушылар қоғамының председателі Логачев мұны да ескермеді. Қоғам қамтыйтын колхоздардың бригадаларына сауда қызметкерлері бір рет те болмады.

дәнді тазарту және кептіру жұмыстарын ұйымдастыруды ойластырмаған да. Тап

шылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Алдағы жылға әзірлік

Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозының колхозшылары СОКП XX съезі құрметіндегі жарысты күннен-күнге өрістете отырып, жемшөп дайындау, егін жыйнау жұмыстарын үлгілі аяқтады. Көзіргі уақытта колхозшылар келесі жылдың егісіне керекті тұқым қорын әзірлеуге ерекше назар аударып отыр.

Колхоз алдағы жылға 9560 центнер тұқым әзірлеу керек болса, бұл түгелінен құйылып алынды. Барлық тұқымдық дән бір рет тазартылды. Бұл жұмысқа колхоздың және МТС- тің астық тазартқыштары кеңінен пайдаланылды. Колхозшылар көзірдің өзінде 5800 центнер тұқымды себу дәрежесіне жеткізіп қойды. Жақын арада қалған тұқымдық дән де әңгіштік сапаға жеткізілмек.

Тұқым тазартуда колхозшыларға Ленин ауыл шаруашылығы техникумының студенттері көп көмек көрсетуде. Олар тұқым тазартуға тәулік бойы қатысып, астық тазартқыштарды жұмысқа неғұрлым өнімді пайдаланып келеді. Бұл жұмыста, әсресе, Н. Манцырев, В. Резнихова, А. Шейкин, М. Ыбраев, В. Приходченко және А. Божко жолдастар өнімді еңбек етіп жүр.

М. ЫБРАЕВА.

[illegible] тұсуіне байланысты олардың бағасы өткен жылдармен салыстырғанда екі есеге жуық арзандады. Қала еңбекшілері жаңа овощты арзан бағамен көптеп сатып алуда.

Ж. ХАМИТОВ.

Тасымал озаттары

Шығыс Қазақстан облысынан егін жыйнау жұмыстарына көмекке келген шофер Иван Маслов көзір Возвышенск совхозында жұмыс істеп жүр. Ол өзінің «ГАЗ—51» жүк машинасымен комбайннан қырманға күн сайын 600-650 центнер астық тасып, норманы 150-160 процентпен орындайды. Оның жолдастары Семен Филиппов, Николай Аксиненколар да астық тасымалдаудың озаттары.

Б. ЖАҚЫПОВ.

тын бірнеше суреттер салды. Ол бұл кезде орыстың реалистік көркем сурет мектебін басқарды. Репиннің еңбектері сол кездің өзінде өте жоғары бағаланған еді. Оның ұстазы болған И. Н. Крамскойдың «Көзір ол жасап жүрген нәрселердің бір де бірін біздің ешқайсымыз да жасай алмаймыз» деп жазуы оның еңбектерінің озаттығының тамаша дәлелі бола алады. Сол сыяқты, көркем су-

[illegible] өшпес суреттерінде өкіл елді. Реформа кезіндегі және революциядан бұрынғы Россияның тұтас тарихи дәуірін көрсете білді.

Совет суретшілері социалистік реализм искусствосын жасау жолындағы қажырлы еңбектерінің барысында данышпан суретші И. Е. Репиннің тамаша шеберлігін творчестволықпен үйренуде.

М. ҚАЛАУОВ.

Алерихин айтқан «бәрі орнынданың» шын жайы, міне, осы.

С. ҚАЗАНБАЕВ.

Оқулықтар жетіспейді

Қызылту бастауыш мектебінде (Совет ауданы) мектеп оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету дұрыс ұйымдастырылмай отыр. Мектепте 1 класс оқушылары үшін «Әліпбі», 3-4 класс оқушыларына арифметика оқулықтары жетіңіксіз. Көзір пайдаланылып жүрген оқулықтардың көпшілігі баспадан 1953-1954 жылдары шыққан.

Аудандық оқу бөлімі мен Ивановка селолық тұтынушылар одағы мектеп оқушыларын қажетті оқулықтармен қамтамасыз етуге көңіл бөлсе екен.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

Политехникалық музейдегі жаңа залдар

25 сентябрьде Москвадағы политехникалық музейде жаңадан екі көрсету залы ашылды.

Олардың бірінішісіне қойылған материалдар қара металлургиядағы ең жаңа табыстарды бейнелейді. Мұнда домна, болат балқыту және прокат өндірістеріне қолданылатын бақылау -өлшеуіш аппаратура қойылған.

Сварқаланған жіктердің сапасын бақылауға арналған қондырғының схемасы мен гамма-сәулелермен сәулелендіру арқылы құю зеңін аударады.

Екінші залдағы материалдар вибродиірмендерді халық шаруашылығында қолдануды бейнелейді. (ТАСС).

КОЛХОЗШЫЛАР ҚУАНЫШЫ

«Көктерек» колхозында көктем егісі кезінде 120 гектар жерге жүгері дақылын егу туралы хабарды колхоз председателі жыйналыс үстінде хабарлады.

—Быйыл біз—деді ол,—жоспар бойынша 120 гектар жерге жүгері дақылын егеміз. Бұл дақыл біздің ойлағанымыздай өнім берсе, яғни гектарынан кемінде 200 центнер өнім алсақ, біз мал азығы үшін 240 тонна сүрлем дайындаймыз.

Председательдің жүгерінің пайдасы туралы айтпақ болған сөзін аяқтатпастан оның «біздің ойлағанымыздай өнім берсе» деген сөзін естіп, осының өзі де сол жүгерінің солтүстікте өсетіндігіне күдіктенді-ау деп ойлаған қарт колхозшы Бектемір:

—Сол жүгеріңнің өзі осы біздің жаққа өсетін нәрсе ме, жоқ па? Өзін жылы жақта ғана өседі дейтін еді ғой! —деп тосыннан сұрақ қойды.

Колхозшылардың не ойлап отырғанын тез аңғаратын тәжрибелі председатель жаңағы бір сөзінен мына қарттың әлдеқалай бір күдік сезіп қалғанын тез түсінді. Ол өзінің жүгеріден мол өнім алуға болатындығы жөніндегі берік сенімін білдіргісі келді де:

— Ауыл шаруашылығы ғалымдарының айтуы бойынша және бұдан бұрынғы жүгері егіп жүрген өзіміздің облысымыздың кейбір колхоздарының тәжрибесіне қарағанда бұл жақта да жүгері дақылынан мол өнім алуға болады, ол жөнінде берік сеніңіз, —деді.

—Қайдан білейін, қыруар дәнді жерге көміп, мандай терлеп еңбектеніп жүріп, ол жүгерің өспей қалса, бос бейнет болады ғой деймін. Әйтпесе мен көптің пікірінен бөлініп қайда барамын. Осының іс болатынына мына көпшілік сенсе, мен де сенемін ғой, —деп жауап берді әлгі қарт.

Ол сөзін аяқтай беріп, осы сөзге ел қалай қарайды екен дегендей көпшілікті көзімен шолып шықты. Ешкімнің жүзінен өзін қостаған шырай байқай алмады. Қайта комсомолдар мен жастардың мұның сөзін жаратпай отырғандығын сезді.

— Жарайды, дегендерің болсын, менікі әншейін не ғой. . . Жүгеріні егеміз. Оның қалай болып шығатынын болашақ көрсетер, — деді де орнына отырды.

Колхозшылар жүгері егу жөніндегі председательдің пікірін түгелдей қолдады.

—Екіншіден, —деді председатель көпшіліктің дабырласқан үнін баса, даусын көтере сөйлеп, —осы біздің көптен бері көңіл қоймай, көп ақшаның, тонналаған май мен еттің қайнар көзін көрмей жүрген себебіміз не?

Председательдің бұлай алыстан орағыта сөйлеуінің үлкен себебі бар еді. Өзі осы колхозда жұмыс істегеннен бері колхоздағы жұртшылықтың басқа түліктерді көбейту жөнінде сөздерін жиі еститін де, шошқа туралы мәселе қозғалса, олардың көпшілігі тығанақты жауап берудің орнына шошқаны кеміте, кекете әзіл айтатын еді. Сол кейбіреудің шошқамен ежелден келе жатқан «араздығын» қоздырып алмайын дегендей ойы бар.

Председательдің «май мен еттің қайнар көзі» деген сөзін естіген колхозшылар ол не туралы айтар екен дегендей оған қарай қалысты.

—Біз шошқа өсірмей колхозды жыл сайын жүз мыңдаған пайдадан шеттетіп келеміз.

Жаңағы қарт ештеме демесе де орнынан қозғала түсіп, жан-жағына қарады. Жыйналғандар председательге қарап ұйып отыр.

—Мәселен Калинин МТС-нің аймағындағы «Победа» колхозы шошқа шаруашылығынан тек өткен жылғана 320 мың сом пайда тапты. Ал, осы пайдадан, осы табыстан біздің қолымызды қағып отырған кім бар? Ешкім де жоқ. Тек қана ескі сенімді осы күнге дейін сақтап жүрген кейбіреулердің кесірі, — деді председатель.

Ол соңғы сөзін тағы да шет шығушылар болмасын деген пікірмен әдейі айтқан еді. Оның ол ойы дағдылы мергеннің көздеген нысанасына дәл тигізген оғындай болып шықты. «Ескі сенімді осы күнге дейін сақтап жүрген» деген сөзді өзіне жұытқысы келмеген көпшілік:

—Кімдер олар?

—Атап айтыңыз?

—Шошқаны өсіру керек, —десіп даурығып кетті. Жыйналыста сөйлеушілердің ішінде әсресе шошқа өсірмеудің колхоз табысының молаюына үлкен зиян болып отырғанын атап өтіп, шошқа сатып алып, оны өсіру керектігін және шошқа шаруашылығында өзі істегісі келетіндігін айтушылар көбейді. Сонымен бұл жыйналыста колхозшылар шошқа өсіру мәселесін де қолдады. . .

* * *

. . . Август айының аяқ кезі. Колхоз усадьбасының шығыс жақ шетіне қазылған шұңқырға машиналар кезекпен келіп жүгері төгеді. Бұл жерге едәуір адамдар жыйналған. Олар жүгері туралы, оның алғашқы өнімі туралы қызу әңгімелесуде.

—Бекеңнің біздің жаққа жүгері шықпайды деген күдігін мына маржан дәнді сорбықтар тас-талқан етіп кетті-ау, жолдастар, — деп күледі председатель.

Өзінің жеңілгенін мойындағанмен, енді сол көктемде айтқан сөзін қайта-қайта бетіне баса бергенді Бекең жақтырмайды. Ол әңгіменің бетін өзінен бұрып жібергісі келіп:

—Гектарынан қанша айналды, жігіттер? —деп сұрады.

—Мына шұңқырға түскені 300 тонна, еккеніміз 120 гектар, енді өзіңіз шығарып алыңыз, —дейді колхоз бухгалтері —жұқа сары жігіт.

—Екі жүз елу центнерден болғаны ма: Япыр-ай өсімтал дақыл екен ғой мұның өзі, оны кім білген. . .

Осы кезде өздерін көрсетуге шыққандай жуан мойындарын төмен тұқырайта, екі күннен бері жүгері жеп дәндеген екі үлкен шошқа қысқа аяқтарын маңыздана басып көпшілікке қарай келе жатты.

—Біздің шошқалар Бекеңнің қолынан жүгері жеуге келе жатыр, —деп күлді сүрлем салынған шұқырдың жиегінде тұрған председатель.

—Келсін жануарлар, келсін! —Егіп көрмеген жүгері таңқаларлық өнім берді, енді бағып көрмеген малымыздың да сондай өнім берегініне сенетін болдық. Жаңа дақылымыз, жаңа түлігіміз бар деп қайда да болса да айта аламыз, деді Бекен.

Жүгерінің мол өнімі колхоз адамдарының бәрінің де жаңа дақылмен жаңа түлікке деген сенімін арттырған еді. Олар әуелі жүгерінің мол өніміне қуанса, екіншіден осы колхоздың шаруашылығына быйылғы жазда келіп қосылған шошқа өсіру ісінің де ертеңгі күні мол пайда беретіндігіне қуанады.

Ә. МҰСАХАНОВ,
Совет ауданы.

Алматы шоферларының қажырлы еңбегі

Бұдан бірер ай бұрын ғана Солтүстік Қазақстан облысының тың және тыңайған жерлерінде өсірілген енді жыйнап алуға көмектесу ұйғарылып, республика астанасының автобазаларынан көптеген автомашиналар келді.

Облыс колхоздары мен совхоздарының қырмандарындағы астықты мемлекеттік данындау орындарына жеткізуде көмекке келген шоферлардың көпшілігі жақсы көрсеткіштердің иесі болды. Олар бір-бірімен социалистік жарысқа түсіп, тәуліктік тапсырманы 150—200 процентке орындауға жетісті.

№ 2 Алматы автобазасы шоферларының көпшілігі облыстың ең астықты аудандарының бірі—Октябрь ауданының колхоздары мен совхоздарынан Петропавл элеваторына астық тасымалдап жүр. Олар элеваторға бір қатынағанның өзінде 400—500 километрге дейін жол жүріп қайтады. Озат шоферлар С. Қахармалов, М. Артомонов, М. Юсупов және ағайынды Иван және Василий Чалпаченковтар 9—10 жұмыс күні ішінде Петропавл элеваторына әрқайсысы 480—550 центнерге дейін астық жеткізеді. Сойтып олар әрқайсысы 10—15 мың тонна-километрлік сапар шекті.

Астық тасымалындағы озат шоферлардың іс тәжрибелері мен бай әдістерін кеңінен қолдана отырып, автоотрядтың барлық коллективі ӨСКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты барған сайын кең көлемде өрістетіп келеді. Олар өздерінің күш-мүмкіншіліктерін толығынан есептей отырып, сентябрь айына міндеттелген тапсырманы 150 процент орындап шығуды, біржарым миллион тонна- километр жол жүруге ұйғарды.

Шоферлар социалистік жарыста алған міндеттемелерін бұл күндері аброймен атқарып келеді. Олар астық тасымалдауда күн сайын жаңа табыстарға жетіп, еңбек өнімділігін барған сайын арттыра түсуде. Отряд басқарушысы коммунист А. Жестовский, партия ұйымының секретары А. Некрасов, диспетчер Б. Захаров жолдастар коллективтің түгелдей социалистік жарысқа түсуіне жетісті. Олардың арасында үгіт-бұқаралық жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі. Коллективтің барлық ынта-жігері бір мақсатқа—бар астықты мерзімінде және мемлекеттік дайындау орындарына ысырапсыз жеткізуге жұмылған. Мотор жөндеуші М. Антоненко, жөнші А. Халметов жолдастар да еңбектің озат үлгісін көрсетіп жүр. Олар жөндеуге тоқтаған автомашиналарды шаншаң және сапалы жөндеп, олардың дереу сапарға шығуын қамтамасыз етіп отырады.

Ленин ауданының Куйбышев МТС-і қамтыйтын колхоздарда № 3 Алматы автобазасының бір колоннасы жұмыс істейді. Бұл колоннаны коммунист Д. Кузнецов жолдас басқарып келген-ді. Шағын коллектив аз күн уақыт ішінде өздерінің қажырлы еңбектерімен ерекше көзге түсіп отыр. Автоколонна шоферлары колхоздардан дайындау пунктіне 28 мың центнерден астам астық жеткізді. Мұнда социалистік жарыстың озаты атағына ие болғандар саны көп-ақ. Олардың қатарында шоферлар В. Иванчук, В. Суторгин, А. Ткачев және коммунистер Б. Елубаев, В. Филиппов және басқалары бар. Аталған шоферлардың әрқайсысы «Земледелец» және Карл Либкнехт атындағы колхоздардан мемлекеттік дайындау пунктіне 600—800 центнерден астық тасымалдады.

Баян және Николаев МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда республика астанасының М. Хащянский жолдас басқаратын № 5 автобазасының бір отряды жұмыс істейді. Отряд шоферлары 12 жұмыс күні ішінде астық дайындау пунктіне 30 мың центнер астық жеткізіп, элеваторлардан қайта оралған сапарларына колхоздар мен совхоздарға және МТС-терге, басқа да мекемелерге арналған жүктер алып қайтып жүр.

Бұл отрядта техника күтімін жоғары ұстап, ұзақ жол жүрген, жүк тасымалын тездеткен шоферлар қатары көбейді. Мәселен, Б. Сеземин жолдастың өзі Пресное совхозынан Мамлют станциясына 1500 центнер, Күпрет-Гусеин 1400 центнер астықты «Баян» ауылшаруашылық артелінен дайындау пунктіне жеткізді. Ал шоферлар Кузнецов, Колесников, Биденко және басқаларының еңбек көрсеткіштері де аталған озаттардан бірде-бір кем түспейді.

Элеваторға барып тоқтаған машиналарды дереу босатып отыруды дұрыс ұйымдастырудың өзі, істің табысты болуына едәуір жәрдем жасайды. Алайда, жұмыстың бұл саласы әлі де болса қанағаттанарлық емес. Облыс орталығындағы Петропавл элеваторының өзінде астықтың сапалылығын байқау өте баяу жүргізіледі. Ал астық түсіруде көзсіз күтіп ондаған машиналар бес- алты сағат уақыт элеватор жанында босқа тұратын фактілер жиі кездеседі. Шынында облыстық «Заготзерно» басшылары бұл жайдың орын алып отырғандығын білмей отырған жоқ. Бірақ олар күні бүгінге дейін мұны жоюға және оны бұдан былайғы күнде кездестірмеуге бағытталған нақтылы шара белгілеп, оны бүтіндей жүзеге асыруды қамтамасыз етпей отыр.

Солтүстік Қазақстан облысына көмекке келген республика автобазаларының шоферлары съезд құрметіндегі социалистік жарыс туын бұрынғысынан да жоғары көтеріп, астық тасымалын мейлінше тездете береді, белгіленген жоспардағыдан тыс жүзлеген центнер астықты мемлекеттік дайындау орындарына тасымалдайды.

Ш. СӘБИТОВ,
Алматы автотрессі бас инженерінің міндетін атқарушы.

БҰҰ Бас Ассамблеясының X сессиясында

23 сентябрьдегі күндізгі мәжіс

НЬЮ-ЙОРК, 24 сентябрь. (ТАСС). Бас Ассамблеяның 23 сентябрьдегі күндізгі мәжілісі X сессияның күн тәртібін бекітуге арнады. Бас Комитеттің күн тәртібіне енгізуге ұсынылған пунктттердің көпшілігі талқыланбастан келісілді, бірақ Бас Комитетте айтыс тудырған мәселелер жөнінде қайтадан жарыссөз басталды.

Бас Комитеттің Ассамблеяның күн тәртібіне енгізілмесін деп ұсынған Кипр мәселесі жөнінде Грецияның, Англияның, Түркияның, Польшаның, АҚШ-тың, ССРО-ның және Бельгияның және басқа елдердің өкілдері шығыс сөйледі.

Грек делегациясының басшысы, сыртқы істер министрі Стефанопулос былай деп мәлімдеді: «стратегиялық пікірлерді сылтау етіп, халықтардың өзін- өзі билеуіне право беру принципінен бас тартуды ұсынып отырғанмен Греция келісе алмайды. Егер халықтың бостандығына право беруден бастартып отырған болса, деді ол, онда халықтың алдында текқана екі жол — зорлық жолы және Біріккен Ұлттар жолы тұратын болады, ал егер БҰҰ тәуелсіздік правосын беруді талап етіп отырған халықтың үнін тыңдаудан бастартатын болса, мұның өзі мәселені тек шиеленістіруі ғана мүмкін.

Стефанопулос қорытындысында тағы да былай деп атап көрсетті: Греция Кипр халқының өз тағдырын өзінің шешу талабын ғана қолдап отыр, ал Греция, Кипр халқының қарары қандай болса да сол қарарды құрметтейтін болады.

Кипр мәселесін Ассамблеяның күн тәртібіне енгізуге қарсы шыққан Англияның, Түркияның және АҚШ-тың өкілдері былай деп мәлімдеді: бұл мәселені БҰҰ-да талқылаудың тек мүдделі елдер арасындағы қатынастарды одан әрі шиеленістіруге ғана өкеліп соктыруы мүмкін, сондықтан мұндай мәселені, Англияның өкілінің айтқанындай, «тыныштықта отырып шешкен» жақсы болады.

Индияның, Ирактың және Таиландтың өкілдері, өзін- өзі билеу принципін қоса отырып, сонымен бірге Кипр мәселесін Бас Ассамблеяның осы сессиясында талқылаудың жөн болатындығына күмән келтірді.

Польшаның, Совет Одағының және Эквадордың өкілдері бұл мәселені күн тәртібіне енгізуді жақтады.

Совет Одағының өкілі В. В. Кузнецов Кипр туралы мәселені іс жүзінде қараудың өткей- тегжейіне тоқталмай, бұл мәселені күн тәртібіне енгізу ісінің тек формалдық жағына ғана тоқтап өтеміз деп мәлімдеді. Кипр туралы мәселе, деді В. В. Кузнецов, Бас Ассамблеяның IX сессиясының күн тәртібіне енгізілген болатын. Бірақ бұл мәселенің шешілмегені жұртқа мәлім. Греция делегациясының бұл мәселені күн тәртібіне енгізу жайындағы жаңа өтініші мынадан туып отыр: Кипрдегі жағдайдың жақсармағаны былай тұрсын, қайта онан әрі нашарлай түсуде, ал мүдделі елдер арасындағы қатынастар бұрынғыдан анағұрлым шиеленіскен қатынастарға айналды.

Осыны ескере келіп, деді В. В. Кузнецов қорытындысында, ССРО делегациясын Кипр аралының халқына БҰҰ-ның басшылығымен халықтардың тең праволылық принципін және өзін-өзі басқару правосын қолдану туралы Грецияның делегациясы ұсынған мәселе Бас Ассамблеяның осы сессиясының күн тәртібіне енгізілсін, тыңғылықты қаралсын деген ұсынысты қолдайды.

Эквадордың өкілі былай деп мәлімдеді: Кипр мәселесін көзіңде талқылаудан бас тартуға ешқандай негіздер жоқ, өйткені оны тікелей кеңіссөздер жүргізу жолымен шешу әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. Біздің есігімізді қағып, өз уставымызда жазылғандарға бізді сенетін және сенбейтінімізді сұрап отырған шағын халықтың өтінішінен бастартуға болмайды, деп мәлімдеді ол.

Делегациялардың аттарын атап жеке даусқа қою нәтижесінде Ассамблея Кипр туралы мәселе күн тәртібіне енгізілмесін деген қарар қабылдады. 28 делегация (АҚШ, Англия, Франция, Түркия және басқалары) осы қарарды жақтап даусы берді, 22 делегация (Греция, ССРО, Эквадор, Египет, БССР, Польша, УССР, Афганстан және басқалары) бұл қарарға қарсы даусы берді, 10 делегация (Индия, Бирма, Индонезия, Филиппины және басқалары) қалыс қалды.

Бас Ассамблеяның келесі пленум мәжілісі 26 сентябрьде болады.

В. М. Молотовтың БҰҰ Бас Ассамблеясының X сессиясында сөйлеген сөзі туралы демократиялық неміс баспасөзінің пікірі

БЕРЛИН, 25 сентябрь. (ТАСС). Демократиялық неміс баспасөзі БҰҰ Бас Ассамблеясы X сессиясының жұмысын кеңінен жариялауда, мұның өзінде совет делегациясының басшысы, Сыртқы Істер Удд базасына өзінің арендалық правосынан бас тарту, ССРО мен Герман Федеральдық Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнатумен зяқталған Совет Одағының инициативасын, со-

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. БУЛГАНИННІҢ АҚШ Президенті Д. Эйзенхауэрге хаты туралы Франциядағы пікірлер

ПАРИЖ, 25 сентябрь. (ТАСС). Париж газеттерінің беттерінде ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің АҚШ Президенті Д. Эйзенхауэрге хаты жөнінде бірсыпыра пікірлер жарияланды. «Паризьен либере» газеті былай деп жазады: Н. А. Булганиннің хаты Батыстың саяси топтарында «өте зор ынта» тудырды. «Дипломатиялық мәліметтерге» сүйеніп, газет былай деп мәлімдейді: таяу уақыт ішінде Франция, Англия мен АҚШ бұл хат жайында консультациялар алыса бастайды.

«Энформасьон» газетінің шолушысы былай деп атап көрсетеді: Батыстың саяси топтарының пікірлерінше Н. А. Булганиннің хатының басты мақсаты «халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағыт талған кеңіссөздерді тездету» болып табылады.

Н. А. Булганиннің хатын түсіндіре келіп, «Монд» газеті былай деп жазады: «Ең екі ірі державаның позицияларын өзірше кейбір қашықтықтар бөліп тұр, бірақ кәзірдің өзінде бұл қашықтықтар жойылмайды деп айтуға болмайды». Газеттің айтуына қарағанда, бұрынғы сенбеушілік мәселе жөніндегі (қарусыздандыру туралы. —Ред.) келісімді қыйындатты, бұл жайында өткен уақытта ешуақытта да келісімге қол жетпеген еді». Алайда, деген бұдан әрі газет, өткен мерзімдермен салыстырғанда кәзіргі уақыттағы жағдай едәуір өзгерді. «Кәзір, —деп мәлімдейді «Монд», —осы проблема жөнінде келісімге келу үшін негіздер қаланатын болады, деп сенуге негіз бар».

Бундестагтың хабары туралы Батыс Германия баспасөзінің пікірі

БЕРЛИН, 25 сентябрь. (ТАСС). Батыс герман баспасөзі Федералдық канцлер Аденауэрдің бундестагтың мәжілісінде жасаған үкметтік мәлімдемесін және ССРО мен ГФР арасында дипломатиялық қатынастар орнатуды бундестагтың мақұлдаған қарарын кеңінен түсіндіруде.

Газеттер бұл уақытқа дейін Аденауэрдің «күш көрсету тұрғысынан» жүргізіліп келген саясатының күйрегендігін мойындайды.

Туып отырған жағдайды бағалай келіп, көптеген газеттер, Герман Федеральдық Республикасы үкметінің Шығыс жайын-

Француз парламенті делегациясының Совет Одағынан жүріп кетуі

Француз Ұлттық жыйналысының председателі Пьер Шнейтер бастаған француз парламенті делегациясының біртоп мүшелері 25 сентябрьде таңертең Ленинградтан Москваға қайтып келді.

Сол күні ССРО Жоғарғы Советінің шақыруы бойынша Совет Одағында болған француз парламент делегациясы Москвадан самолетпен отанына ұшып кетті. Совет Одағында делегацияның мүшелері Раймон Шмиттлэн, Жан Пюпа, Робер Обэ қалып қойды. Бұлар бірнеше күн бойы Уралдың өнеркәсіп орындарымен танысады.

ССРО-да болған кезінде француз парламентінің өкілдері Сталинградта, Тбилисиде, Киевте, Сочиде, Ленинградта болды. Қонақтар өнеркәсіп орындарымен, ауылшаруашылығымен, мәдениет мекемелерімен, тарихи және архитектуралық ескерткіштермен танысты.

Француз парламентінің депутаттарын ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин мен ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н. С. Хрущев қабылдады, француз парламентінің депутаттары ССРО Жоғарғы Советінің Одақ Советі мен Ұлттар Советінің Председательдері А. П. Волков пен және В. Т. Лацистен, ССРО Жоғарғы Советінің тұрақты комиссияларының председательдерімен және мүшелерімен, басқа да ресми адамдармен өңгімелесті.

Франция Республикасы мен ССРО мемлекеттік жалауларымен безендірілген Внуково аэродромында француз парламент делегациясын Москва еңбекшілерінің өкілдері, ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің Председателі А. П. Волков, ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің Председателі В. Т. Лацис және басқа ресми адамдар шығарып салды.

Француз парламентінің депутаттарымен бірге ССРО-да болған француз журналистері де парламент делегациясымен бірге туған отанына жүріп кетті.

Москва пионерлері француз парламент делегацияларына гүл шоқтарын сыйлады, Францияның балаларына сәлем тапсыруды өтінді.

Делегацияның басшысы Пьер Шнейтер Москвадан жүрер алдында А. П. Волков пен В. Т. Лациске арнап сөз сөйлеп, Совет Одағында болуға және елдің өмірімен танысуға шақырғаны үшін оларға шын жүректен алғыс айтты. Ол мынаны атап өтті: делегацияның мүшелері Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшыларымен, ресми адамдармен және қатардағы совет адамдарымен тікелей байланыс жасады және кездесті. Сіздердің бейбітшілік ісін нығайтуға ұмтылып отырғандықтарыңызға біздің көзіміз жетті, деді Пьер Шнейтер.

Совет Одағын аралаған тамаша саяхатты ұйымдастыруда зор көмек көрсеткендердің бәріне де біздің жалынды алғысымызды тапсыруларыңызды сұраймыз. Біз мұны Франция халқына айта барамыз. Сіздерді Парижда күтеміз! Біздің бәріміз де сіздерді өзіміздің отанымызда зор ықласпен қарсы аламыз.

Бұдан кейін француз журналистерінің атынан «Пари-Пресс-энтрнасижан» газетінің өкілі М. Бромберже сөз сөйледі. Ол ССРО-да француз журналистеріне көрсетілген қошемет үшін алғыс айтты.

(ТАСС).

Н. А. Булганиннің Эйзенхауэрге хаты туралы Ассошиэйтед Пресс агенттігінің пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 25 сентябрь. (ТАСС). Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің АҚШ Президенті Д. Эйзенхауэрге хатын газеттер көрнекті орындарға басуда. Ресми жауапты күтіп, баспасөз жалпы пікірлер айтумен және жорамалдар жасаумен шектеледі.

Ассошиэйтед Пресс агенттігінің тілшісі Денверден былай деп хабарлайды: Ақ Үй 23 сентябрьде жариялаған Эйзенхауэрге хатында Совет Одағы Министрлер Советінің Председателі мынаны атап көрсетеді: қарулы күштер туралы мәліметтер алмасу жоспары қару-жарақты азайту туралы келісімге қол жеткенде және атом қаруына тыйым салу туралы шаралар қолданылатын болған жағдайда ғана маңызға ие болады.

тұпкілікті қабылдамай тастау ретінде қаралып отырған жоқ.

Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісі Хайтауэрдің хабарлауына қарағанда, ресми өкілдер Премьер Булганиннің қарусыздандыру туралы мәселе жөніндегі Президент Эйзенхауэрге хаты бұдан былай да мұқият зерттеуді талап етеді деп мәлімдеген. Булганин, сірә, қарусыздандырудың бұдан гөрі едәуір көлемді жоспары туралы кеңіссөздер жүргізу пайдасы үшін Эйзехауэрдің ұсынысын кәзір кейінге қалдыруға болмас па еді деген мәселе көтерсе керек.

Совет Премьері, деп жазады, Хайтауэр сірә, әуеден тексеріс жүргізу принципіне немесе соғыс құрылыстары туралы мәліметтер ауысуға қарсы болмаса

ЭЙНО КИЛЬПИДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ХЕЛЬСИНКИ, 25 сентябрь. (ТАСС). Совет-финляндия кеңіссөздерімен байланысты ДСНФ-дан президенттікке кандидат, сейм депутаты Эйно Кильпи «Вапаа сана» газетінде мәлімдеме жасап, онда былай деп атап көрсеткен:

Біздің халқымыздың басым көпшілігі жуық арадағы Москва кеңіссөздерінің нәтижелеріне қанағаттанып қана қоймайды, сонымен бірге осыған байланысты алғыс сезіміне бөленіп отыр. Фин халқы Паасикивидің линиясы деп аталатынға сай келетін іс-әрекеттің асқан патриоттығының және біздің халқымызға үнемі бақытты нәтижелер әкелетінінің сенімді дәлелінде ие болды.

Кильпи былай деп мәлімдеді: Паасикивидің линиясына риза еместер мен оны сынаушылар азшылық топ. Фин халқының барлық топтары Москва кеңіссөздерінен кейін Паасикиви линиясының дұрыстығын және оның фин халқының мүдделеріне сай келетіндігін, сондықтан бұл линияны алдағы уақытта да сөзсіз шын пейілділік пен қалтқысыз достық рухында жүргізудің қажеттілігін толық таныды деп ойлаймын, деді бұдан әрі ол.

ИНДОНЕЗИЯДАҒЫ САЙЛАУ АЛДЫНДА

ДЖАКАРТА, 25 сентябрь. (ТАСС). 29 сентябрьге белгіленген алдағы парламент сайлауына баспасөз баса көңіл бөліп отыр. Кеше елдің көптеген қалаларында сайлау алдындағы соңғы митингтер өткізілді. Үкметтің қарарына сәйкес, бүгінгі күннен бастап сайлау алдындағы насихаттың қандайы болмасын тоқтатылуға жыйналыстар мен митингтерге тыйым салынуға тиіс; Джакартада және басқа қалаларда көшелер мен алаңдарға әскери күзеттер қойылған. Полковник Лубистің бұйрығы бойынша армия соғыс әзірлігіне келтірілген.

Бүгін президент Сукарно Бандунгтегі көп адам қатысқан митингте сөз сөйлеуге тиіс еді, бірақ бұл митингке Батыс Ява әскерлерінің командашысы тыйым салды.

Кеше кешке Джакарта портында Коммунистік партияның шақыруымен сан мыңдаған адам қатысқан митинг болды. Митингте Индонезия Компартиясының бас секретары Айдит сөз сөйледі. Ол ұлттық толық тәуелсіздік жолындағы, халықтың әл-ауқатын жалпы көтеру жолындағы, ұлттық бөрік бірлік құру жолындағы күрестегі индонезия халқының негізгі міндеттерін атап көрсетті. Айдит Машуми партиясы мен социалистік партия лидерлерінің әрекеттерін қатты сынға алып, бұл партиялар лидерлерінің халықтың бірлігіне жарықшақ туғызуға тырысатындықтарын атап көрсетті. Айдит бұдан әрі мұсылмандық, социалистік, коммунистік және басқа ұйымдардың бірлестігінің маңыздылығын атап көрсетті және жұрттың бәрін Коммунистік партияға дауыс беруге шақырды.

министрі В. М. Молотовтың 23 сентябрь-дегі мәжлісте жасаған мәлімдемесін жеке-дара көрсетеді.

«Нейес Дейчланд» газеті бұл тақырыпқа басмақала арнап, Совет Одағы делегациясының төрт держава үкметтері басшыларының Женева кеңесінде жасалған қару- жарақты азайту туралы барлық ұсыныстарды талқылауды жақтаған пікір айтқандығы атап көрсетілген. Егер Женева кеңесінде Совет Одағының, АҚШ-тың, Англияның және Францияның —БҰҰ-ға қатыстырылған төрт ұлы державаның — ұсыныс өңізгенін еске алатын болсақ, деп жазады газет, онда совет делегациясының X сессиядағы ұсынысы Женевадан кейін белгілі болған шиеленістің бәсеңдеуін жеңілдетуге және сөзден іске көшуге бағытталған.

Халықаралық шиеленісте байқалып отырған бәсеңдеуге тоқтала келіп, газет Совет Одағы жасаған толып жатқан қадамдарды, атап айтқанда, ССРО қарулы күштерінің санын азайту, совет әскерлерін Австриядан әкету, Порккала-Удд базасын қайтып беріп, бұл саясатын тағы бір рет көрсетті. Басқа елдер үшін де соның ішінде Дания үшін де Данияны өз мүдделерін және «қырғыйқабақ соғыс тудырған» экономикалық ауыртпалықтарды арқалап отырған оның халқының мүдделерін ескере отырып, өздерінің бейбітшілікке және шиеленісті бәсеңдетуге ұмтылушылықты көрсететін уақыт жетті.

Мұндай жағдайларда, деп жазады газет, бұдан былай да милитаризмдуды бетке ұстап отырған Дания өкмет орындарының шаралары таңданушылық тудырады. Қазір, шетелдік базаларды жою туралы мәселе тұрған уақытта НАТО командованиесі Данияда өзінің тағы да екі соғыс базасын құруды талап етті. Құрама Штаттарының өзінің базалары жүйесін Гренландияда да ұлғайтуға ниеттенетіндіктері туралы қауесеттер таралған.

Газет мынаны атап көрсетеді: қазір ағылшындар мен американдықтардың басшылығымен Данияның қарулы күштерін үйретудің жүргізілуі «қырғыйқабақ соғыс» саясатының жалғасы болып табылады. Бұл үйретуде американдықтардың қатысуымен десант түсіру және ағылшын парашют әскерлерінің көмегімен қорғану көзделеді. Мұның барлығы делінген мақалада, біздің бейбітшілік пен шиеленісті бәсеңдету жолындағы күрестен әлі алыс екендігімізді көрсетеді.

Газет Дания үкметін оның өз уағдаларына және Данияның мүдделеріне сай жауап беретін саясат жүргізуге шақырады.

Дания апталығы халықаралық шиеленістің бәсеңдетілуін жақтайды

КОПЕНГАГЕН, 25 сентябрь. (ТАСС). Апталық «Угенс экко» газеті былай деп жазады: Совет Одағы өзінің бейбітшілікке және халықаралық жағдайдағы шиеленісті азайтуға ұмтылып отырғандығын практикалық істерімен дәлелдеді. Тіпті жуық арада Совет Одағы Финляндияға Порккала-Удд базасын қайтып беріп, бұл саясатын тағы бір рет көрсетті. Басқа елдер үшін де соның ішінде Дания үшін де Данияны өз мүдделерін және «қырғыйқабақ соғыс тудырған» экономикалық ауыртпалықтарды арқалап отырған оның халқының мүдделерін ескере отырып, өздерінің бейбітшілікке және шиеленісті бәсеңдетуге ұмтылушылықты көрсететін уақыт жетті.

Мұндай жағдайларда, деп жазады газет, бұдан былай да милитаризмдуды бетке ұстап отырған Дания өкмет орындарының шаралары таңданушылық тудырады. Қазір, шетелдік базаларды жою туралы мәселе тұрған уақытта НАТО командованиесі Данияда өзінің тағы да екі соғыс базасын құруды талап етті. Құрама Штаттарының өзінің базалары жүйесін Гренландияда да ұлғайтуға ниеттенетіндіктері туралы қауесеттер таралған.

Газет мынаны атап көрсетеді: қазір ағылшындар мен американдықтардың басшылығымен Данияның қарулы күштерін үйретудің жүргізілуі «қырғыйқабақ соғыс» саясатының жалғасы болып табылады. Бұл үйретуде американдықтардың қатысуымен десант түсіру және ағылшын парашют әскерлерінің көмегімен қорғану көзделеді. Мұның барлығы делінген мақалада, біздің бейбітшілік пен шиеленісті бәсеңдету жолындағы күрестен әлі алыс екендігімізді көрсетеді.

Газет Дания үкметін оның өз уағдаларына және Данияның мүдделеріне сай жауап беретін саясат жүргізуге шақырады.

Фельдмаршал Хардингтің Кипрдің губернаторы қызметіне тағайындалуы

ЛОНДОН, 25 сентябрь. (ТАСС). Лондонда империяның бас штабының бастығы фельдмаршал Джон Хардингтің «Кипрдің губернаторлығына және бас қол басшылығына» тағайындалғандығы ресми жарияланды. Ағылшын отарларының министрлігі жарияланған мазмұндамада бұл тағайындауды, атап айтқанда, Кипрдегі «барлық хауіпсіздік күштерінің келісе қыймыл жасауының қажеттілігінен», және «қазіргі жағдайда губернатор қызметін жоғары дәрежелі аға офицер атқаруға тиістігінен» деп дәлелдеуде.

Мазмұндамада одан әрі былай делінген: «1 ноябрьден бастап генерал Джеральд Темплердің империяның бас штабының бастығы ретінде жұмысқа кірісуі үшін шаралар қолданылды».

дағы бұл уақытқа дейін жүргізіп келген саясатын өзгертудің қажеттілігін жақтауда. Мысалы, буржуазиялық «Штутгартер цейтунг» газеті Бонн мен Москва арасында дипломатиялық қатынастар орнату арқылы «герман сыртқы саясатының жаңа дәуірі» басталуға тиіс деп атап көрсетуде.

«Шлезвиг- Гольштейнише фольск-цейтунг» газеті былай деп атап көрсетеді: социал-демократтар Совет Одағымен дипломатиялық қатынастар орнатуды жақтаған пікір білдірді. Бірақ бұл олардың федеральдық канцлердің сыртқы саясатын мақұлдауын көрсетпейді. Социал-демократтар, деп атап көрсетеді газет, бұрынғыдай Германияны қалпына келтіруге канцлердің Федеральдық Республиканы батыстың қорғаныс системасымен біріктіретін байланыстардан бас тартқан жағдайында ғана жетуге болады, сондықтан «күш көрсету тұрғысы» саясаты деп аталатынды жүргізу Германияның қалпына келтірілу күнін жақындата алмайды деп есептеуде.

Нови-Садтағы халықаралық ауылшаруашылық көрмесі

БЕЛГРАД, 25 сентябрь. (ТАСС). Кеше Нови-Сад қаласында халықаралық ауылшаруашылық көрмесі ашылды, оған Югославия, Совет Одағы, Венгрия, Батыс Германия, Голландия, Австрия, Чили, Чехословакия, Италия және Франция қатысуда.

Югославия павильоны зор назар аударды, бұл павильонда дизель моторымен жүретін отандық «Задругар» тракторы, тұқым тазалауға арналған және азық дайындауға арналған машиналар, молотилкалар және басқалары қойылған.

Совет павильоны көрмеге келушілердің назарын аударады, бұл павильонда социалистік ауыл шаруашылығының табыстары: резервтерді пайдаланудың, астық жыйнауды арттырудың, егін өнімін арттырудың және мал тұқымын жақсартудың озат әдістері көрсетілген. Ерекше стендте Совет Одағында тың және тыңайған жер игеру жөнінде жүргізіліп жатқан зор жұмыстар, мақта, зығыр, конопля, темекі, шай және қант қызылшасын өсіру салаларындағы советтік жетістіктер көрсетілген. Ауылшаруашылық машиналары кең көлемде қойылған.

Сол сықты, Венгрияның, Чехословакияның, Голландияның павильондары да қызығылықты.

Көрме 2 октябрьге дейін созылады.

Екі елдің соғыс құрылыстарын әуеден тексеру жүргізуге келетін болсақ, деген бұдан әрі тілші, Булганин шын мәнісінде ұсыныстың мемлекеттердің хауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы әсерлі прогреске және қарусыздандыруды табысты аяқтауға жеткізбейтіндігін айтып отыр. Совет Премьері, деп жазады тілші, қарулы күштерді азайтуға, атом қаруына тыйым салудың мерзімдері туралы және бір елдің екінші елге тұтқыйылдан шабуыл жасау мүмкіндіктерін күнібұрын ескерту үшін «бақылау күзеттерін» жасауға шақырды. Кәзір Эйзенхауэр шұғыданып жатқан жауап әзірше аяқталмай, Ақ Үй ресми түсініктер жасамайды. Бірақ журтқа мәлім болғанындай, Булганиннің хаты Эйзенхауэр жоспарын керек. Бұдан былайғы кеңесездер Булганиннің бұған қарусыздандырудың жалпы жоспарының элементі ретінде келісуге әзір екендігін көрсете алады.

Мұнда көп адамдар былай деп санайды, деп жазады бұдан әрі тілші, Булганиннің хаты достық жағдайында «Женева рухымен» үйлесімді жазылған. Оның сөзі Совет Одағын қаусыздандырудың нақтылы программасын жасауға елеулі ынталаныш отыр деп сенуге негіз береді.

НЬЮ-ЙОРК, 25 сентябрь. (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісі Вашингтоннан былай деп хабарлайды: Президент Эйзенхауэрдің сырқаттануы салдарынан Н. А. Булганиннің хатына Қурама Штаттардың жауабы, шамасы, бөгелетін шығар.

ИНДОНЕЗИЯДА ШЕТЕЛ ПЛАНТАЦИЯЛАРЫНДАҒЫ ЕРЕУІЛ

ДЖАКАРТА, 25 сентябрь. (ТАСС). Антара агенттігінің хабарлауына қарағанда, кеше Медан ауданындағы Солтүстік Суматрадағы шетел плантацияларының 10 мың ауылшаруашылық жұмысшылары жалақыны арттыру туралы өздерінің талаптарын қолдап, ереуіл жариялаған.

АРГЕНТИНАНЫҢ ЖАҢА ҮКМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

БУЭНОС-АЙРЕС, 25 сентябрь. (ТАСС). Мұнда Аргентинаның уақытша президенті генерал Лонардидің жаңа кабинетті құрғандығы ресми жарияланды.

Аргентинаның вице-президенттігіне контр-адмирал Рохас тағайындалды.

МАРОККОДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖАЙЫНДА

ПАРИЖ, 25 сентябрь. (ТАСС). Баспасөздің хабары бойынша, Марокко сұлтаны Бен Арафа Марокходағы француздың бас резиденті генерал Буайе де Латурға хат жолдап, онда өзінің тақтан түсуден бас тартатындығы туралы мәлімдеген. Осы хатының өзінде Бен Арафа французға үкметін Марокходағы толқушылықты «қуралдардың қайсысымен болсын» басуға және «өзінің жеке басы мен тағын қорғауға» шақырған. «Журналь дю диманш» газеті былай деп жазады: бұл қарарды қабылдағанда сұлтан француз отаршы топтарының Марокходағы сыяқты, Францияда да қолдайтындықтарына сүйенді.

Париждің бірсыпыра саяси шолушыларының пікірінше, сұлтан Бен Арафтың Марокко проблемасын шешудің французшылық жоспарына (бұл жоспар, бұрын мәлім болғанындай, сұлтанның орнынан тайдырылуын және «тақ советін» құруды көздейді) бағынудан бастартуы, Марокходағы жағдайдың жаңадан шиеленісуін тудырады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

ҚАЛА МЕН ОБЛЫС ЭКРАНДАРЫНДА

„ДҮБІРЛІ ЖЕРДЕ“

деген жаңа көркем суретті фильм көрсетіле бастады.

Театрдың бас режиссері И. ТУМАНОВ. Спектакльды қойған О. ВИКЛАНДТ. Режиссер — М. ЛЕЙН. Суретші —А. ВАСИЛЬЕВ. Фильм режиссері — Е. СКАЧКО. Композитор— С. ПОТОЦКИЙ. Оператор—В. ДОМБРОВСКИЙ. Суретшілер —В. КАМСКИЙ, К. СТЕПАНОВ.

Артистер:

М. НАЗВАНОВ. Б. ТЕРЕНТЬЕВ, О. ВИКЛАНДТ, М. КУЗНЕЦОВА, С. ТИХОНРАВОВ, П. БЕРЕЗОВ, В. ТОРСТЕНСЕН, М. ГОЛЬЦИН, В. МАШКОВ, Ю. КОЗЛОВСКИЙ, В. БЕЛОВ.

Фильмді А. Островскийдің комедиясы бойынша Ленин орденді «Мосфильм» киностудиясы 1955 жылы жасап шығарған.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ДҮБІРЛІ ЖЕРДЕ»

Сеанстар кешкі сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ӨМІР САБАҒЫ»

Сеанстар кешкі сағат 4-15, 6-30, 8-45 және 11-де басталады.

1 956 ЖЫЛҒА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҚАБЫЛДАНАДЫ

1956 жылғы 1 октябрьден бастап барлық орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттерге жазылушылар қабылдана бастайды.

Барлық республикалық газеттер мен журналдарға жазылушыларға шек қойылмайды.

Газет, журналдарға барлық аудандық байланыс мекемелерінде, бөлімшелері мен агенттіктерінде, «Союзпечать»тың барлық аудандық бөлімшелері мен киоскаларында, сол сыяқты ведомстводағы және колхоздағы хат тасушылар арқылы завод, фабрикалардағы, колхоздар мен совхоздағы және мекемелер мен оқу орындарындағы қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01731. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.